

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№42
(964)

Бейсенбі, 13 қазан 2016 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады



ТӨУЕЛСІЗДІК ШЕЖІРЕСІ

Айыртау ауданы

2007 жыл

№15. 13.04.2007 ж. «Құттықтаймыз!». Аудандық дене тәрбиесі және спорт бөлімінің бастығы Бейсембаева Туғанай Қойшықызын Президенттік сынама-ларды енгізуде қосқан зор үлесі үшін Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі марапаттаған Құрмет грамотасымен құттықтаймыз!

№37. 14.09.2007 ж. «Менің Қазақстаным» – Айыртауда. Қыркүйектің 7 жұлдызында «Қазақстан Темір жолы» Ұлттық компаниясы мен «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының өкілдерінен құралған «Менің Қазақстаным» атты үгіт поезды Саумалкөл селосына келді. Аталмыш делегация маусымның 15 жұлдызында Астана қаласынан шыққан екен. Жоспарлары бойынша 115 елді мекенді аралап өту болса, біздің Саумалкөл жүз оныншы елді мекен екен.

№38. 21.09.2007 ж. «Жаңа автобус жолға шықты». «Саумалкөл автотранс» ЖШС жетекшісі Геннадий Степанович Лысенконың бастамасымен аудан орталығында «Автопарк – Горем» бағыты бойынша жүретін жаңа автобус іске қосылды. Осыған дейін аудан орталығы Саумалкөл селосы көшелерінде №1 және №5 автобустар жүріп келген-ді. Қазір іске №3 автобус қосылды. Билет құны 25 теңге.

№47. 23.10.2007 ж. «Кәсіби мереке қарсаңында». 17 қараша күні облыс орталығы Петропавловск өткен ауылшаруашылық еңбеккерлерінің күніне арналған салтанатты мәжілісте облыс әкімі Серік Білалов ұзақ жылғы еңбегі, облыстық агроөнеркәсіптік кешенін дамытуға қосқан үлесі және ауылшаруашылығы қызметкерлері күні кәсіби мерекесіне байланысты аудан әкімінің орынбасары Серікбай Шәріпұлы Туралиновты Құрмет грамотасымен марапаттады. Сондай-ақ, биылғы жылғы орақ науқанында зор табысқа қол жеткізген «Қутозовқа-Әліби» ЖШС-і Қазақстан Республикасы ауылшаруашылығы министрлігінің Құрмет грамотасымен, «Златогорка» ЖШС-нің бас инженері С.Р.Қалиев облыстық ауылшаруашылығы департаментінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

№52. 28.12.2007 ж. «Жаңа орталық ашылды». Желтоқсанның 18 жұлдызында облыс орталығы Петропавловск қаласында орналасқан халыққа қызмет көрсету орталығының барлық қызметтерін жүзеге асыру мақсатында аудан орталығы Саумалкөл селосында аталмыш орталықтың филиалы салтанатты түрде ашылды.

2008 жыл

№13. 28.03.2008 ж. «Жаңа дүкен ашылды». Саумалкөл селосының Достық көшесі мен Михаил Янко атындағы көшенің қиылысында «Ертіс» дүкені ашылды.

№21. 23.05.2008 ж. «Еңбек еріне құрмет көрсетілді». Мамыр айының 16 жұлдызында Жұмысшы ауылында Социалистік Еңбек Ері Тұрлыбек Әбілпейісовтің жұлдісесіне арналған еркін күрестен дәстүрлі аудандық турнир болып өтті.

№22. 30.05.2008 ж. «Ресми бөлім». Ауданымызда іссапармен ауылшаруашылығы министрі Ақылбек Құрышбаев және Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Серік Білалов болып кетті.

№28. 11.07.2008 ж. «Астана мерейтойына тарту». Астананың туған күні аудан орталығы Саумалкөл селосында сауда саласында тағы да бір дүкен дүниеге келіп, Достық көшесінде «Жұлдыз» атты аяқ киім дүкені айыртаулықтарға есігін айқара ашты.

№34. 22.08.2008 ж. «Жаңа мешіт ашылды». Сырымбет ауылындағы 2008 жылдың 19 мамырында құрылысы басталған Атығай мешіті араға үш ай салып, салтанатты түрде ашылды. Мешіттің бас имамы болып уақытша Сапар қажы сайланды.

№41. 10.10.2008 ж. «Депутатпен кездесу». Ауданымызға Польша Республикасы Парламентінің депутаты Гжегожек Войчеховский арнайы іссапармен келіп кетті.

№51. 19.12.2008 ж. «Жаңа дүкен, дәмхана ашылды». Желтоқсан айының 15 жұлдызында «Сарыарқа» дүкені мен «Тұмар» дәмханасының салтанатты ашылу рәсімі болып өтті.

«Айыртау таңы» газеті. 2007-2008 жылдар.

ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерін қызметке сайлау, өкілеттігін тоқтату және қызметтен босату қағидаларының 57, 59-тармақтарына сәйкес және 2016 жылғы 10 қазанда өткен Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының селолық округтерінің әкімдерін сайлау қорытындылары туралы аудандық сайлау комиссиясының хаттамасы негізінде селолық округ әкімдері болып тіркелді:

1. Володар ауылдық округінің әкімі болып – Оразалин Жомарт Жетпісбайұлы, 15.12.1971 ж.т., «Володар ауылдық округі әкімінің аппараты», ММ, «Өрт сөндіруші»АҚ қарауыл бастығы, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Саумалкөл с. тұратын қазақ, «Нұр Отан» партиясының мүшесі.

Аудандық
сайлау комиссиясының төрағасы
Е.Мерғасымов

ТАҒАЙЫНДАУ

Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерін қызметке сайлау, өкілеттігін тоқтату және қызметтен босату қағидаларының 57, 59-тармақтарына сәйкес және 2016 жылғы 10 қазанда өткен Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының селолық округтерінің әкімдерін сайлау қорытындылары туралы аудандық сайлау комиссиясының хаттамасы негізінде «Володар ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, Володар ауылдық округінің әкімі болып Оразалин Жомарт Жетпісбайұлы тағайындалды.

Осы тағайындауға дейін ол «Өрт сөндіруші»АҚ қарауыл бастығы қызметін атқарған



Қарттарым, аман-сау жүрші!

Ел ағалары елеусіз емес

Сәл еңкейген нұр жүзінен әл тайып,
Қуат кетіп бара жатыр қартайып.
Отбасында, бала – шаға қасында
Жетпістер мен сексендер жүр
қалқайып.

Қай заманда болмасын қазақ халқы ақ

жайылды.

Кең де, жарық, ерекше сән-салтанатпен
әрленген залда 100-ден астам қарияларымыз
арқа-жарқа әңгіме айтып, замандастар өз қызық-
қуаныштарымен бөлісті.

Салтанатты шараға



жаулықты әжелері мен ақ сақалды аталарын
шаңырағының құты, халқының қазынасына
балаған. Олардың әкім торлаған айбынды
жүзі мен қарттықтан жасаураған, алайда
мейірім мен адамгершілікке тұнып тұрған
жып-жылы жанарлары, таяғына сүйеніп,
дірілдеген қолдары басыңнан сипап, арқаңан
«Айналайын!» деп қаққан жұмсақ алақаны кімді
болмасын ерекше күйге бөлейтіні анық.

Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы
Армия Әбілқайыровтың бастамасымен
қазанның жетінші жұлдызында халқымыздың
базынасын айтып жүретін қазыналы
қарттарға арналған мерекелік дастархан

Елемес Қалиев қарттарды құттықтап, дендеріне
саулық, отбасыларына амандық, балаларының тек
қызық-қуанышын көруге тілектестігін білдірді.

Алғаш болып сөз алған Айтмағанбет Дауылбайұлы,
Владимир Калганов, Сапар қажы Мұқатаев,
Мереке Бейсембаев сынды ақсақалдарымыз
өз тараптарынан аудан басшылығына, Армия
Әбілқайырұлына деген ізгі ілтипаты мен жүрежарды
лебіздерін арнап, алғыстарын білдірді.

Мерекелік дастарханның сәнін көлтірген аудандық
Ақан сері атындағы Мәдениет үйі қызметкерлерінің
орындауындағы тамаша өндері болды.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА,
Суретті түсірген автор.

Қоғамдық қабылдау – Қарақамыста

Қазан айының 6 жұлдызында аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров Қарақамыс ауылында болып, тұрғындармен қоғамдық қабылдау өткізді.

Қоғамдық қабылдау барысында тұрғындар тарапы-

жұмыссыздыққа қатысты жұмыспен қамтуға көңіл бөлу
жөнінде, бос тұрған үйлерге өзге аймақтың тұрғындарын
қоныстандыру, медициналық қызмет көрсету сапасын
жақсарту, дәрі-дәрмекпен жеткілікті қамтамасыз ету,
су ұңғымасының жағдайы, жалпы ауылдың жақсы хал-



нан ауыл мектебіндегі спорт залдың жоқтығы, балалар
алаңқайының жоқтығы, Светлый-Көкшетау бағытындағы
автобустың ауыл ішіне кірмейтіндігі, жолдардың
мәселесі, ұялы байланыстың тартпайтындығы,

көлінің қолында тұрады. Бұлбұл Шалбайқызы «Күміс
Алқа» иегері.

Өз хабарымыз.
Суретті түсірген Бағлан ҚОЖАҚОВ.

Аудандық мәслихатта

Аудандық мәслихаттың V сессиясы

Қазанның 10 жұлдызында депутат Ал-
мас Байғариннің төрағалығымен аудандық
мәслихаттың V сессиясы болып өтті. Сессияға
аудан әкімі Ағзам Тастеміров, Айыртау ауданының
прокуроры Б.Бәйменов, аудан әкімдігінің бөлім
басшылары және ауданның ұйымдары мен
мекемелерінің басшылары қатысты.

Күн тәртібінде 7 мәселе қаралды. Аудандық бюджеттегі
өзгерістер мен толықтырулар туралы ауданның эконо-
мика және қаржы бөлімінің басшысы Марал Рамазанова
ақпараттандырды. Айыртау аудандық мәслихатының
«Айыртау ауданының мұқтаж азаматтарының жеке
санаттарын анықтап, оларға әлеуметтік көмек көрсету
мен оның мөлшері ережесі туралы» және «Азқамтылған
отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйге қол жеткізу
және коммуналдық қызмет төлемдерін жүргізу ережесі
туралы» ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік

бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары Мар-
жан Жүсіпова баяндама жасады.

Сондай-ақ, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі
жұмыс комиссиясының құрамы бекітілді (жұмыспен
қамту орталығының директоры Раушан Тілеубаева)
және қамбаға толтырылған дөңдердің сапасы жоғары, ал
бағасы тым қымбат болмауы үшін субсидияландыруға
ауылшаруашылығы өндірушілерінің тізімін анықтап,
олардың көктемгі егіс уақытында және егін жинау
уақытындағы шығындарын есептеуге және субсидия-
ландыру арқылы ауылшаруашылығы дақылдарының
сапасын арттыру мақсатында ведомствоаралық комис-
сия құрылды (ауылшаруашылығы бөлімі басшысының
орынбасары С.Салғарин).

Сессия қорытындысында аудандық мәслихаттың VI
сессиясының регламенті мен күн тәртібі анықталды.

Өз хабарымыз.

Жаңа әкім жұмысын бастады

Сейсенбі, 11 қазан күні Володар селолық округі әкімдігінің ғимаратында селолық округтің жаңа әкімін тұрғындармен таныстыру рәсімі болып өтті. Жаңа әкімді таныстыру рәсімін Айыртау ауданының әкімі, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы Азам Тастеміров өткізді.

Володар селолық округінің әкімі болып Жомарт Оразалин сайланған болатын.

Таныстыру рәсімінде аудан басшысы Ағзам Ахметжанұлы округ аумағында атқарылып жатқан біршама жұмыстарға тоқталып өтті. Мәселен, шағын



аудандағы көпқабатты тұрғын үйлерді қайта қалпына келтіріп, баспанаға мұқтаж отбасылар мен азаматтарға беру, ауыл ішіндегі жолдардың сапасын жақсарту, ауыз сулардың әрбір жеке секторға кіргізілуіне мүмкіндік жасау және абаттандыру мен көгалдандыруға қатысты тұщымды ақпарат беріп өтті. Санымен бірге, оңтайлы сәтті пайдалануға тырысқан ауыл тұрғындары қыс мезгілінде тұрғындарды ебігерге салатын бірден бір мәселе – Жолдарды қардан тазалау екенін айтып, селолық округ әкімдігінің балансын жол ашатын жеке трактормен қамтамасыз етуді сұрады. Сонымен бірге, Володар селолық округі ардагерлер кеңесінің төрайымы Зинаида Волошина ардагерлер кеңесінің басқосуы үшін жеке кабинет қарастыруды сұрады.

Және де Володар селолық округінің бұрынғы әкімі Ерлан Сәдуақасов та өз кезегінде сөз алып, Жомарт Жетпісбайұлына алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА,
Суретті түсірген автор.



Ән мен жырдың мекені – Қазақстан Отаным

Қазан айының 5 жұлдызында Ақан сері атындағы Айыртау аудандық Мәдениет үйінің ұжымы Кутузовка, Сарсай елді-мекендеріне Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арнаған арнайы концерттік бағдарламамен барып келді.



Бағдарлама «25 игі іс» акциясының аясында ауданымыздың барлық ауылдарын аралап, тұрғындарға тегін концерт беру көзделген.

Ал келесі күні аталған ұжым Айыртау ауылына барып, тұрғындарға мәдени демалыс сыйлады.

Қай ауылға барса да, аудандық Мәдениет үйінің әртістерін үлкен қосаумен, ілтипатпен қарсы алған тұрғындар оларға ақ баталарын беріп, алақандай ғана ауылға келіп, тамаша әндерімен бір серпілген өнер ұжымына алдағы уақытта ел игілігі үшін атқарып жүрген қызметтеріне табыс тіледі.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА,
Суреттерді түсірген автор.



«Елімнің бақытын тербеткен – Тәуелсіздік»

Қ а з а қ с т а н Республикасының 25—жылдығына арналған «Солтүстік Қазақстан облысының үздік медиатекасы» облыстық байқауына Арықбалық селолық кітапханасы қатысып, облыстан келген әділқазы мүшелеріне «Елімнің бақытын тербеткен – Тәуелсіздік» атты театрландырылған әдеби-сазды композициясы ұсынылды.

Кітапхана ғаламтор жүйесіне қосылған, қазіргі заманға сай техникалық және ақпараттық құралдармен жабдықталған. Мәдени іс-шара ауданның табиғаты туралы бекерініс көрсету және Зәуреш Шаяхметқызының ән орындауымен басталды. Карасевка орта мектебінің оқушылары еліміздің тарихынан

көрініс көрсетсе, Дәуқара орта мектебінің оқушылары өздерінің Тәуелсіздікке арнап шығарған өлеңдерін оқыды. Лобан ауыл шаруашылығы колледжінің студенті Бердімұрат Гүлнұр тапқа оқыса, Арықбалық орта мектебінің әр түрлі жастағы оқушылары Тәуелсіздік, Отан туралы әндер орындады.

Карасевка, Дәуқара, Арықбалық, Лобан селолық кітапханалары байқау өткізу барысында белсене атсалысты. Барлық қатысушылар кітапханалық іс-шараға белсене қатысқандары үшін мақтау қағаздарымен марапатталды.

Гүлнәр ЕРҒАЗИЕВА,
Аудандық кітапхананың
кітапханашысы.

Есімің өшпес

Бауыржанды бауырлары еске алды

Бауыржан Нұрғалиев жаста болса, бас болып Айыртау ауданының футбол құрамасы сапында өнер көрсетіп, спорттың осы түрінің жастар мен балалар арасында кеңінен танылуы үшін күшін сәлеан жергілікті азаматтардың бірі еді. Бүгінгі күні Бауыржандай бауырымыздың өзі жоқ болса да,



жасындай жарқ етіп өшкен жас ғұмырында артына қалдырған ұлағатты істері жолдастары мен замандастарының есінен әсте кеткен емес.

Бауыржан Мұхтарұлы 1987 жылы дүниеге келген. Футболмен 5 сыныптан бастап әуестеніп, кейіннен спорттың осы саласына мықтап байланды. Соңғы демі қалғанша ала допты жанына серік еткен азамат 2014 жылы қапияда жол апатынан қаза тапты. Бауыржандай баласын жоқтап артында ата-анасы мен туыстары және де доп қуалап ойнаған үзеңгілес бауырлары қала берді.

Алайда Бауыржанның аққан жүздыздай жарқ етіп өшкен қыршын ғұмыры таусылса да, соңында Құран бағыштап, еске алар жақындары оның жарқын бейнесін ұмытпақ емес.

Дөңгелек үстел

Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң...

Адам баласының өмірде қандай да бір нәрсені мінсіз етіп атқаруы үшін оның қателесуі заңды құбылыс. Алайда, қателікті түзетіп, сан соқтырған бағытының бұрыстығына көзі жетіп, келесі – дұрыс жолдағы бағытқа түсе білуі де адамның бағалы қасиеттерінің бірі.

Осы орайда 7 қазан күні «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының ғимаратында Айыртау ауданының прокуроры Болат Бейменовтің төрағалығымен шартты түрде бас бостандығынан айырылғандармен дөңгелек үстел болып өтті.

Дөңгелек үстелге қатысқан аудан әкімінің орынбасары Мафруза Науанова өмірлік қиындыққа тап болып, Заңнан бұлтара алмағандарға өзінің алғысөзін арнап, өмірлік өкінішке апаратындай бір қателікті екінші қайталамауға, бар адамға ортақ қалыпты өмір сүруге шақырды.

Дөңгелек үстелге ауданымыздың әрбір ауылынан шартты түрде бас бостандығынан айырылып, істі болғандар қатысты. Дөңгелек үстелдің мақсаты – істі болып, шартты түрде сотталғандарға жақсы да, жайлы өмір сүре білуге болатынын, еңбек ете отырып өздері үшін де, отбасылары үшін де жарқын болашаққа қол жеткізуге шақыру. Өздеріне жақын адамдарының, отбасы мүшелерінің үлкен сенімін ақтап, қағамға қажетті азамат болуға шақыру. Әрбір істі болған азаматтың жеке тұлға ретінде қоғамға керек екендігін сезіндіру. Темір тордың арғы жағындағы бұлыңғыр күндерінің

Осы орайда қазан айының 8 жұлдызында Саумалкөл қазақ орта мектебінің шағын футбол алаңында Бауыржан Нұрғалиевті еске алу құрметіне арнаған шағын футбол турнирі болып өтті.

Турнирде сөз алған аудан әкімінің орынбасары Мафруза Науанова ауданның спорттық өміріне өзіндік үлесін қосқан Бауыржан Мұхтарұлының еңбегін айта келе, аталмыш турнирге қатысқалы отырған командаларға ауданның футбол саласының дамуына үлестерін қосып, өскелең ұрпаққа салауатты өмір салтын насихаттап жүргендері үшін алғысын білдірді.

Содан кейін Бауыржанның әкесі Мұхтар Нұрғалиев пен әжесі Жұлдыз Шәйкенова бауыр еті балаларын еске алу құрметіне ұйымдастырылған жарысқа қатысып отырған барлық спортшыларға деген ризашылықтарын білдірді.

Турнирдің бас төрешісі Әсет Шәймергенов қатысушы командаларды жарыстың ережесімен таныстырып, алаңға алғашқы ойын өрнегін көрсететін Саумалкөл ауылының командасы мен мемлекеттік күзет қызметінің аяқдопшылары шақырылды.

Турнирге барлығы мемлекеттік күзет, ауданның ішкі істер бөлімі, 55/10 әскери бөлімі, агротехникалық колледж, Дәуқара және Саумалкөл командалары қатысты. Турнир ережесі бойынша командалар екі топқа бөлініп, айналмалы жүйемен ойнады.

Бауыржанның әкесі Мұхтар Қаратайұлы турнирге қатысушыларға жалпы сомасы 200 мыңды құрайтын ұтыс қорын қойды.

Тартысқа толы турнирдің қорытындысында 3 орынмен 55/10 әскери бөлімі марапатталса, 2 орынды агротехникалық колледж жеңіп алды. Ал 1 орынды Саумалкөл ауылының аяқдопшылары қанжығаларына байлап, көшпелі кубокқа ие болды. Жеңімпаз команда мен жүлдегерлерді Бауыржанның әкесі Мұхтар Қаратайұлы ақшалай сыйлықпен марапатталды.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА,
Суретті түсірген автор.

болашақтағы өміріне көлеңкесін түсірмеу керектігін ұғындыру.

Әрине, төрт қабырғалы, темір торлы қапасаға түсуге ешкімде ешқашан құнттамайды. Және бұндай жағдайлардың кімнің басында қашаң, қайда орын алып қалатынын ешкім білмейді. Ал кейбіреулер жалғандық үстемдік құрған мына заманда өз шындығына жете алмай, ішқұсалықпен бәріне қолды бір сілтеуі де мүмкін.

Сондықтан да, істі болған азаматтарды өмірлеріндегі қара жолақты сәттеріне бола, қоғамнан шеттетуге ешкімнің құқығы жоқ деп ойлаймын. Ондай азаматтарға қоғамға сіңуге тырыс деп айтып қана қоймай, өзіміз де оларды жақын тартуға міндеттіміз.

Шартты түрде бас бостандығынан айырылған азаматтармен болған дөңгелек үстелге қатысқан ауданның ішкі істер бөлімінің бастығы Әбілғазы Ғабдуллин, пробация қызметі бөлімінің бастығы Марат Шабанов, ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ерлан Қазбеков, жұмыспен қамту орталығының директоры Раушан Тілеубаева және Солтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлер палатасының Айыртау аудандық филиалының директоры Данияр Қалымов залдағы азаматтарға мемлекеттік бағдарламалардың көмегімен өз ісін қолға алуға, жеке кәсіп ашуға немесе бағдарламалар аясында қайта оқудан өтіп, кәсіптік-техникалық мамандық игеріп, өз болашақтарын қамсыз және өзгелердің жәрдеміне мұқтаждық танытпай, дербес өмір сүруге шақырды.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА.

Күмәнді жарнама

Бәсекелестікті қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуын болдырмау және бәсекелестікті дамытуды қолдау монополияға қарсы орган қызметінің бас бағыттары болып табылады.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 177-бабына сәйкес жосықсыз бәсекелестік құқыққа сыйымсыз артықшылықтарға қол жеткізуге немесе оларды беруге бағытталған бәсекелестіктегі тез келген әрекеттер жосықсыз бәсекелестік болып табылады. Жосықсыз бәсекелестікке тыйым салынады.

Нарық субъектілерімен жиі жиіберілетін жосықсыз бәсекелестік әрекеттерінің біріне көрінеу жалған жосықсыз және анық емес жарнама жатады.

Ағымдағы жылы осы факті бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментімен Ақмола облысы Көкшетау қаласында такси қызметін көрсететін «Аутсорсинг и лизинг персоналу» ЖШС-не қатысты тергеу жүргізілді.

Бұл ретте, «Аутсорсинг и лизинг персоналу» ЖШС-і біздің облыстың аумағында тіркелді.

Тергеу бастау негіздемесі ЖШС-мен мынадай: «Taxi 2 САМОЕ ВЫГОДНОЕ ТАКСИ + БОНУСЫ ЗА КАЖДУЮ ПОЕЗДКУ, 72-22-22 8-776-272-22-22 С Beeline БЕС-ПЛАТНО» мазмұнда баннер түрінде сыртқы жарнама объектісінде жарнама орналастыруға қатысты материалдар септігін тигізді.

Тергеу жүргізу барысында ЖШС-мен Көкшетау қаласының аумағында бәсекелесетін субъектілерде такси қызметінің құны ЖШС-мен ұсынылатын бағаға ұқсас. Жеке субъектілермен такси қызметі ЖШС-ден төмен баға бойынша ұсынылды.

Бұдан басқа, ұқсас факті бойынша мынадай: «Самые высокие расценки на золото» мазмұндағы жарнаманы орналастыру бөліміндегі қалалық ломбардтардың біріне қатысты тергеу жүргізілді.

Жиынтығында, орналастырылған жарнама шүбәсіз, бұл

бәсекелестікті қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуы болып табылады.

Тергеу нәтижелері бойынша субъектілер әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Сондай-ақ, кәсіпкерлік субъектілердің мәліметіне көрінеу жалған, жосықсыз және анық емес жарнамадан басқа жосықсыз бәсекелестікке мынадай әрекеттер жатады:

- тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ авторлық құқық объектілерін дараландыру құралдарын құқыққа сыйымсыз пайдалану;
- басқа өндірушінің тауарын құқыққа сыйымсыз пайдалану;
- бұйымның сыртқы түрін көшіріп алу;
- нарық субъектісінің беделін түсіру;
- көрінеу жалған, жосықсыз және анық емес жарнама;
- мәжбүрлі ассортиментпен тауар өткізу (сатып алу);
- бәсекелестің сатушысына (өнім берушісіне) бойкот жасауға шақыру;
- сатып алушыны (өнім берушіні) кемсітуге шақыру;
- нарық субъектісін бәсекелеспен шартты бұзуға шақыру;

- сатушының (өнім берушінің) қызметкерін сатып алушылық;
- сатып алушының қызметкерін сатып алушылық;
- коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты құқыққа сыйымсыз пайдалану;
- тұтынушыға тауардың сипатына, өндірілу тәсілі мен орнына, тұтынушылық қасиеттеріне, сапасы мен санына және (немесе) оны өндірушілерге қатысты анық емес ақпарат ұсына отырып, тауарды өткізу;

- нарық субъектісінің өзі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарларын нарықтың басқа субъектілері өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлармен орынсыз салыстыруы.

Н.ШАЯХМЕТОВА,
ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің СҚО бойынша департаменті басшысының орынбасары.



«Әділет органдарының қызметкерлері» деген мамандық жоқ, оны университеттерде меңгермейді. Әділет органдарында тәжірибелі жұмыс алғаннан соң, қиын еңбек мектебінен өткеннен кейін ғана осы саланың нақты маманы болуға болады. Егер адам өз ісіне берілген және өз жұмысын адал орындаса, оның іс-әрекетінің ерекшелігі абсолютті маңызды емес, қай салада болмасын ол құрмет пен сенімге жетеді.

Көбінесе әр мамандықтың өзінің жеке кәсіби мерекесі бар. Қазақстан Республикасының әділет органдары өздерінің кәсіби мерекелерін 30 қыркүйек күні тойлайды. Бұл күн әділет қызметкерлері үшін тарихи айтулы күн болып табылады. Нақты, 1919 жылдың 30 қыркүйегінде Қазақ шеті басқармасы бойынша Әскери-революциялық комитетімен әділет бөлімін құру туралы қаулы қабылданған болатын. Кейін ол Әділет халықтық комиссариаттарына қайта құрылған болатын. 1946-1949 жылдары Қазақ КСР билігінде атқарушылық органдарды қайта құру жүзеге асырылған. Нәтижесінде 21 одақтық - республика министрлігі құрылған болатын. Соның ішінде, Қазақстандық КСР Әділет министрлігі құрылған болатын.

2012 жылдың 28 тамызында Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен 1998 жылдың 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығына «Қазақстан Республикасының кәсіби және басқа да мерекелері туралы» нормаларына өзгертулер мен толықтырулар енгізілген, Әділет органдарының қызметкерлерінің күні 30 қыркүйек болып белгіленген.

2002 жылдың 18 наурыздағы ҚР «Әділет органдары туралы» Заңы әділет органдарының қызметінің негізі мен құқықтық мәртебесін анықтайтын нормативті-құқықтық актісі. Қазір, Қазақстан Республикасының Әділет органдары атқарушылық билік органы болып табылады. Мемлекеттік қызметті құқықтық қамтамасыз етуде, өз міндеті аясында жүзеге асырады. Мемлекеттік органдар қызметінде заңдылық тәртіпті сүйемелдейді ұйымдастырады. Азаматтардың және лауазымды тұлғалардың, мекемелердің және азаматтардың заңды мүдделерін және құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді.

Әділет органдарының қызметтері өте көп, бір қызмет екінші қызметтен маңыздырақ деп айтуға болмай-

«Әділет - әділеттілік, заңдылық, құқық»

ды. Бірақ, назарға ала отырып, заңды тұлғаларды тіркеу қызметі, жылжымайтын мүлік құқығы, сараптама жүргізу, нақты жеке және заңды тұлғалардың атқарушылық құжаттарын орындауда, құқықтық зардап шегуі мүмкін, ұлтық заңнаманы сапалы құру бойынша зардап, осыған байланысты. Әділет органдарында құқықтық нормативтік актілерді мемлекеттік тіркеуде ерекше көңіл аударылуда. Барлық қоғамдық құқықтық қатынас үшін нормашығармашылықтың сапасын жоғарлату маңызды. Сондай құқықты тіркеуде, қоғам толықтай, нақты азаматтың бостандығын және заңды мүддесін қозғайды.

2016 жылдың 8 айы ішінде, Әділет департаментіне нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеуге - 381 акт келіп-түсті, соның ішінде мемлекеттік тіркеуді - 333 өтті, мемлекеттік тіркеуге қабылданбаған мемлекеттік органдармен қайтарылған немесе заңдық сараптама жүргізілмеген 48-нормативтік құқықтық акті. Осылай, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес емес құжаттарына, әділет органдары заңдылыққа бір беткей «сүзгі», сапалы заңды сараптама жүргізуде.

Сонымен қатар, құқықтық мониторинг жүргізу бойынша функциясы азаматтардың ең басты құқықтық қорғау кепілі болып табылады. Қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер екінші сараптамаға тап болғанда, ескіргені анықталады. Талапқа сәйкес келтіру қолданыстағы заңнама нормативтік құқықтық актілерге қайшы тиімді емес жүзеге асыру болып табылады. Осы функцияны қамтамасыз ету аясында, ағымдағы жылы 23 актіге қатысты 13 ұсыным және 24 актіге қатысты 22 ақпараттық хат енгізілген болатын. Осылай, азаматтардың бостандығы мен құқығына қатысты 47 акті, қолданыстағы заңнаманы сәйкестендіруде өткізілген мониторингті жүргізуді анықтау барысында және енгізілген ұсыным нәтижесі бойынша 4 лауазымды тұлғалар тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Расында, әділет органдарының және толығырақ мемлекеттің ең басты міндеті: жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдарымен қарым-қатынастарын жетілдіру арқылы ықшамдау мен жеделдету болып табылады. Сондай-ақ, ақпараттық ресурстарды қолдану және басқару механизмін жетілдіру.

Ағымдағы жылы Солтүстік Қазақстан облысы әділет органдарымен 50 мыңнан жоғары мемлекеттік қызмет көрсетілген болатын.

Бүгінгі таңда, мемлекеттік қызметтің жартысынан көбі баламасыз негізде көрсетіледі. Әкімшілік тосқауылды қысқартуға байланысты апостильдеу және лицензиялау, жылжымайтын мүлік, заңды тұлғаларды тіркеу саласында электронды нысанда (онлайн) мемлекеттік қызмет ұсынылады.

Бүгінгі күні бизнесті Интернет желісі арқылы ашу мүмкіндігі жүзеге асырылды. Кәсіпорынды тіркеуде, таңғаларлық тәртіпке өту және сауда суб'ектілерін тіркеу уақыты 1 сағатқа дейін қысқартылды. Бұл үлкен жетістік. Мемлекеттік аппаратпен байланыстың болмау механизмі

қанша дегенмен енгізілген. Қызмет көрсету мерзімі қысқартылған және қағаз құжаттарын ұсыну қажеттілігі жоқ.

Мемлекеттік басқарма жүйесіне реформа жүргізу аясында, азаматтық хал актілерді тіркеу қызметі жергілікті атқарушылық органдар құзіретіне берілді. Бірақ азаматтық хал актілерді тіркеу және әдістемелік көмек көрсетуді бақылау функциясы әділет органдарына бекітілген.

Әділет органдары толық жұмысының бағасының басты көрсеткіші - мемлекеттік құқықтық қызмет көрсетуде, азаматтардың қанағаттандырушылығы алға шығады. Атап кету керек, ағымдағы жылы мемлекеттік қызмет көрсетуде мерзім бұзушылық болған жоқ.

Әділет департаментінің атқарушылық іс-жүргізушілігі қызметі саласы қиын да және серпінді жұмыс болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті-Нұрсұлтан Назарбаевтың 100 нақты қадам бойынша белгіленген бес институционалдық реформасын жүзеге асыру айқындалған болатын.

Солай, «100 қадам» Ұлт жоспарының 27 тармағында жеке сот орындаушылар қызметкерлерін кезең кезең бойынша қысқарту белгіленген.

Әділет департаментімен Жеке сот орындаушылар филиалының бірлесе атқарған жемісті жұмыстарының арқасында, бүгінгі күні барлық Солтүстік Қазақстан облысының аудандары жеке сот орындаушылар қызметімен қамтылған.

Атқарушылық іс-жүргізушілікте маңызды әлеуметтік санат - алименттік төлемдерді өндіріп алуда, сот орындаушыларының кәсіптілігі мен көп күш салуын талап етеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясында ең басты көпіндік - құқық, мемлекеттік саясатта басты негізгі басымдылық, білікті заңды көмек алу құқығы болып табылады.

2016 жылы жалпы адвокаттар саны 184 құрады (2015 жылы – 182 адвокат). Барлық облыс аудандары адвокаттық қызмет көрсетумен қамтамасыз етілген.

Заңды тұлғалардың нотариалды іс-әрекеттерді жасауда, нотариат институтына берілген азаматтардың заңдық мүддесін және құқықты қорғауды қамтамасыз етудегі маңызды рөлі бар.

Солтүстік Қазақстан облысында жеке нотариустардың жалпы саны - 83 (Петропавл қ. 47 нотариус, облыс аудандарында - 36), (2015ж. *нотариустың жалпы саны -79 құрады*).

2016 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 4 жеке нотариустың есептік тіркеуі жүргізілді, 1 жеке нотариус есептік тіркеуден алынды.

Барлық аудандар нотариалды қызмет көрсетумен қамтылған. Бағалау қызметі нарықтық экономика институтында маңыздылардың бірі. Инфрокұрылымның дамуын құру барысында, өзін ұсынуы, маңызды.

Солтүстік Қазақстан облысы аумағында «СҚО бойынша Кәсіби бағалаушылар палатасы» қызметін жүзеге асыруда. Оның ішінде - 22 жеке тұлғалар және 6 заңды тұлғалар құрамына кіреді (соның ішінде - 9

ЖК). Бүгінгі таңда, құқықтық негализммен күрес, құқықтық мәдениетті көтеру, халық арасында түсіндіру жұмыстары жұмысын ұйымдастыру жүргізілген реформада аса маңызды емес бағыт болып табылады.

Іс-шараны жүзеге асыру мақсатында, ҚР Әділет министрлігінің Стратегиялық жоспарында қарастырылған, кешенді жоспар бойынша ҚР азаматтарының мәдени құқықтық деңгейін жоғарлату, сондай-ақ ҚР Президентінің жолдауында, Әділет департаментімен және оның құрылымдық бөлімшелерінде 2016 жылы 2 044 іс-шара, соның ішінде: 169 «деңгелек үстел» отырысы, 751 лекция мен семинарлар, 242 мақала жариялану үшін жолданған (соның ішінде 222 жарияланған), Әділет министрлігінің және Департаментің веб-сайтында 332 ақпараттық материалдар орналастырылған, информагенттіктерінде 70 ақпарат орналастырылған, телевиденияда 53 сөз сөйлеу ұйымдастырылған, 45 радиода, 337 «ашық есік» күні жүргізілген, 43 ақпараттық-насихаттық топ шығарылған және 2 интернет-конференция.

Атап кететін жайт, 2017 жылы Әділет департаменті құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүзеге асыруда жаңа формалар мен тәсілдерді қолдану жоспарлануда. Ерекше жүргізілу жоспарлануда:

- «Заманауи Қазақстанда құқықтық негализмді қалай жеңіп алу» тақырыбында заң факультеттері студенттері арасында эссе-конкурсы;

- жаппай ақпаратты құралдарда, азаматтық институтар өкілдерінің қатысуымен нормативтік құқықтық актілерді талқылау бойынша диалогты алаңы;

- жастар мен халықтың құқықтық білім деңгейін анықтау мақсатында әлеуметтік зерттеулер;

- әлеуметтік-маңызды міндеттерін түсіндіру бойынша жастармен үкіметтік емес ұйымдармен және Солтүстік Қазақстан филиалы «Нұр Отан» партиясымен бірлесе акциялар;

Бүгінгі күні Мемлекет басшысының халыққа жолдауының «2050 – Қазақстан Стратегиясының» ең басты басымдылығы: құрылған мемлекет саяси бағым, кәсіпкерлікке жан-жақты сүйеніш болып табылады. Сондай-ақ, ең дамыған дүниежүзілік 30 ел қатарына кіру.

Әр түрлі рейтингтерде бәсекеге қабілетті ұлттық экономика объективті сыртқы бағалау болып табылады. Олар рейтингтік агенттіктерде және халықаралық мекемелерде қалыптастырылады. Көбінесе «DoingBusiness» («Бизнесті жүргізу»), Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілетті индексі көрсеткіштерін жақсарту бойынша ДЭФ ЖБҚИ рейтингпен танылған болып саналады. 2015-2016 жылдары ДЭФ ЖБҚИ бүкіл әлемдік жылдық есебінде, Қазақстан Республикасы 42 орын алды, өз тұғырында былтырғы жылмен салыстыру бойынша 8 тармағын жақсартқан.

Әділет министрлігі 4 индикатор бойынша негізгі орындаушы болып табылады:

«Зияткерлік меншікті қорғау»
«Меншіктік құқық»

«Заңдылықта таласты мәселелерді шешу тиімділігі»

«Заңдылықта әкімшілік тәртіпке салуды даулау тиімділігі»

СҚО Әділет департаментінде бекітілген жоспар негізінде, ДЭФ ЖБҚИ көрсеткіштерін жақсарту бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізілуде. Көрсеткішті жақсарту бойынша іс-шараларды жүргізілуде.

Солтүстік Қазақстан облысы Әділет департаменті өзара қарым-қатынас пен ынтымақтастықты жақсарту мақсатында, ағымдағы жылы Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Кәсіпкерлер палатасымен және Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Кәсіпкерлік «Даму қоры АҚ аймақтық палатасы «Даму» өзара ынтымақтастық туралы меморандум жасалған болатын. Сонымен қатар, Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ұлттық бюросы бойынша Солтүстік Қазақстан облысы «Нұр Отан» партиясы филиалымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы «өзара ынтымақтастық туралы Меморандум» жасалған болатын. Сондай-ақ, қызметтік этика нормаларын және сыбайлас жемқорлық құқықбұзушыларды анықтау мен бұлтартпау қарым-қатынасы мақсатында жасалған болатын.

Сондай-ақ, Әділет департаменті ҚР Әділет министрлігінің ведомствоаралық мекемелерімен өзара қарым-қатынасты жүзеге асырады. 2013 жылғы 17 сәуірдегі ҚР Әділет министрлігінің №123 бұйрығымен бекітілген Ережеге сәйкес Үйлестіру кеңесі тұрақты әрекет етуші орган болып табылады. Қазақстан Республикасы аумақтық әділет органдары келісілген іс-ірекетін құру үшін құрылған болатын.

Өз уақытында, Үйлестіру кеңесін құру, барлық ведомствоаралық аумақтық әділет органдарымен және нақты аумақтық проблемалары мен мәселелерін жалпы шешу үшін тоқсан сайын отырыс жүргізу, қолданыстағы заңнамаға жаңа енгізілген нормаларды талқылау, тек қана әділет органдарына қатысты емес, сондай-ақ атқарушылық, өкілдік, құқық қорғау органдарымен, соттармен, үкіметтік емес ұйымдардармен бірлесе әрекет жасалған.

Үйлестіру кеңесінің арасында бұзушылықтарды ескерту мәселесі талқыланады. Соның ішінде сыбайлас жемқорлық, құқықтық түсіндіру жұмысы іс-шаралары ведомствоаралық мекеменің қатысуы бойынша бірлескен жоспар жүргізіледі. «Әділет кеңес береді» акциясы, брифингтер сияқты іс-шаралар жүргізіледі.

Соңғы жылдары әділет жүйесінде түбегейлі реформа жүргізілуде. Мемлекет басшысы мен Үкімет тарапынан органдарға сенім білдіруін куәландырылады. Күн сайын әділет органдарының рөлі жоғарлауда, және сәйкесінше жүктелген қызметтер мен міндеттер ұлғаюда.

Қазақстан Республикасының Әділет органдарының қызметі мемлекетпен кепілденген жәрдемді жүзеге асыру болып танылған және негізгі заңда кеңестік құқық бекітілген. Өз тарапынан аумақтық әділет органдары оларды жүзеге асыру үшін жағдай жасайды.

Р. ҚАҚТАЙ,
СҚО, Әділет департаментінің басшысы.

Бірыңғай мектеп формасы – заңды талап

Бүгінгі күнде Білім және ғылым министрлігінің мектеп формасына қойылатын талаптары қоғамдық пікірге біршама қозғау салып отыр. Мектеп формасы «Білім туралы» заң мен арнайы бұйрықта «діни атрибуттар қолданылмайды» деген талап қойылған осыған сәйкес бірыңғай мектеп формасын енгізу қарастырылған. Мектептерде оқушылардың бірыңғай формасына қойылатын талаптардың сақталуы, діни атрибутиканы қолдануға жол бермеу орындылығына қатысты сарапшы мамандардың пікірін білген едік.

Досай Кенжетай, теология және философия ғылымдарының докторы, профессор: Негізінен Қазақстандағы мектеп оқушыларына бірыңғай мектеп формасын киізуді шарт деп есептеймін. Бұл шарттың бірнеше қабаттары бар. Біріншісі – зайырлылық. Бұл діни білім беру мен орта мектептердегі зайырлы білім беру арасындағы ұстанымдарға байланысты дүние. Мектеп – бұл мемлекеттік мекеме. Оны да ескеру қажет. Екінші қабатына тоқталар болсақ, ол әлеуметтік қабат. Азаматтар балаларын табыстарына қарай (қымбат немесе арзан) киіндіретін болса, әлеуметтік орта арасында психологиялық, әлеуметтік шектер туады. Киімдердің әртүрлілігі, олардың мүмкіндіктерінің әртүрлілігі біздің мектеп қабырғасындағы балаларымыздың арасындағы жікке алып келеді. Үшінші – діни ахуал. Бұл төзімділікке де байланысты. Бір мұсылман өзінің орамалыменен бір христиан өздерінің діни киіміменен, бір яхуди өздерінің ритуалдық киімдеріменен немесе оның атрибуттарыменен жүретін болса, бұл жерде мемлекеттік конституциялық

бірегейлікке де, дінаралық төзімділікке де қайшы мәселелер туындауы мүмкін. Бұл мәселелерді тудыратын ойлар қоғам мүшелерінің арасында мектеп қабырғасынан қаланып жатса, үлкен проблемалар осы жерден туындайды. Осыған орай, жоғарыда айтылғандарды да ескере отырып, мектептің статусына сай, оның мемлекеттік мекеме екенін ескере келе, ең басты мәселе – бұл біздің мемлекеттіміздің негізгі ұстанымы болған зайырлылық талаптарына сай, мектеп оқушылары бірыңғай формада киініп, білім алуы керек деп есептеймін!

Кеңшілік Тышхан, дінтанушы: Бірыңғай мектеп формасына көшу өте тиімді. Оның бірнеше себептері бар. Ең бірінші себеп, біздің елімізде әртүрлі дін өкілдері тұрады, олар әрине өз ұрпағын өз сеніміне баулиды. Осы ретте аталған мәселенің сыртқы формаға да әсер етіп жататын сәттері болатынын біз қоғамнан көріп-біліп жүрміз. Діни ерекшеліктерді пайдалану – мектеп оқушылары арасындағы діни көзқарастардың туындауына әкеліп соқтыруы мүмкін. Балалар оның мән-жайына толық жете алмауы мүмкін. Екінші мәселе – әртүрлі жағдаймен мектеп ауыстыруы қажет болған жағдайда, бұрынғы мектеп формасын жаңа мектептің талабына сай ауыстыруға тура келеді. Осы тұста бірыңғай мектеп формасының тиімділігін көреміз. Ата-аналар артық шығындалмайтын боламыз. Бірыңғай мектеп формасына көшкенде балаларға тиімділігі жағы ерекше қарастырылатын болса, бұдан ұтарымыз көп деп ойлаймын. Ұл бала мен қыз балаға лайықты жасалған киім қоғам тарапынан ешқандай теріс пікірге алып келмейді деп

ойлаймын. Тағы бір ескерілетін мәселе – дәстүр, халықтың қалыптасқан салты, имандылық пен инабаттылыққа да тән тұстар қарастырылса тіптен жақсы. Мысалы Түркменстанда бірыңғай мектеп формасында 100 пайыз ұлттық киімдері таңдалған. Әрине біздің мемлекет зайырлы, қаншама ұлт пен ұлыс ғұмыр кешіріп жатқандықтан, толыққанды ұлттық нақышқа көше алмасымыз анық, десе де ұлттың ерекшеліктерін екшейтін белгілер көрініс тапса оған ешкімнің таласы бола қоймас деп ойлаймын. Барлығына ортақ бір құндылыққа, барлығымызға ортақ бір стандартқа бекігеніміз жөн болар.

PS.: Қорыта айтқанда, бірыңғай мектеп формасына көшу тиімді. Оны біздің сарапшыларымыз да өз сөздерімен нақтылады. Бүгінгідей, сыртқы форманың ішкі нәзік мәселелерге әсері орасан болып отырған жағдайда, әлеуметтік теңсіздік, діни пікір мен азаматтық пікірдің саналуандығы орын алып, рух таразысының теңселіп тұрған уақытында қай істе де біркелкілік пен бірыңғайлық қажет-ақ!

Дін істері комитетінің баспасөз қызметі.

Түзету

Аудандық «Айыртау таңы» газетінің 2016 жылғы 6 қазандағы №41 санындағы Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 16 қыркүйектегі № 330 қаулысы Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Володар ауылдық округі әкіміне кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар анықтау және таңдаушылармен кездесу үшін үй-жай ұсыну туралы Қаулысында «КЕЛІСІЛДІ» Айыртау аудандық сайлау комиссиясының төрағасы _____ Е.А. Мерғасымов

2016 жыл «_____» _____ жолдарынан кейін

«Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің ізгілігіне 2016 жылдың 03 қазанында № 3900 тіркелген»

болып түзетіліп, әрі қарай мәтін бойынша оқылсын.

Мектеп формасын сақтау – зайырлы заңнама талабы

Жыл басында жарияланған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мектеп формасына қойылатын талаптары БАҚ беттерінде біршама уақыт әңгіме арқауына айналған-ды.

Жаңа оқу жылы басталысымен осы тақырыптың қайта көтеріле бастағанына куә болып отыраандықтан, сарапшылық көзқарас пен араағайындық сөзімізді қоғам назарына қайта салуды жөн көрдік.

Мәселеге ешбір эмоциясыз, сарабал сана көзімен қарасақ, ашығы сол – мектеп формасына қатысты биылғы талаптарда бұрынғыдан өзгеріс болған жоқ. Өйткені ҚР Білім туралы заңының сонау 2007 жылғы 27 шілдедегі мәтінінің 49-бабының 3-тармағында «Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер білім беру ұйымының жарысында айқындалған қағидаларды орындауға міндетті» деп көрсетілген болатын. Ол қағидалардың бірі – орта мектептер жарысындағы мектеп формасын сақтау еді.

Осы міндеткерлікті тиянақтай түсу мақсатында 2011 жылғы 24 қазандағы №487-IV заңмен «Білім туралы» заңға толықтырулар енгізілді. Аталған заңның 47-бабының 15-1-тармағында білім алушылар мен тәрбиеленушілердің міндеті ретінде: «Орта білім беру ұйымдарында білім алушылар білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті» деген ереже енгізілді.

Ал 2015 жылдың 13 қарашасында ҚР Білім заңының 5-бабына білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті ретінде «орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды әзірлейді және бекітеді» (14-1) деген ереже қосылды. Оған қоса 49-бапта ата-аналар мен өзге де заңды өкілдердің, балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге, білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға, білім беру ұйымында белгіленген киім формасын сақтауға міндетті екендігі тайға таңба басқандай көрсетілді.

Сондықтан мектеп формасына қатысты қағидалардың арысы он жыл берісі бес жыл білім жүйесінде кеңінен қолданылып келе жатқанын атап айтуымыз қажет. Білім және ғылым министрлігі бар болғаны сол ережелерді айқындай түсу мақсатында бөлек құжатқа біріктіріп, талаптар ретінде жүйелеп жариялады.

Ал мектеп формасына қойылатын талаптар мәтінінде «діни атрибутиканың қолданылмауы» деген тіркестің қамтылуына келсек, «мектеп формасын сақтау» дегенің өзі «басқа ешбір атрибутиканы қолданбау» дегенге саятыны белгілі. Және бұл тек діни атрибуттарға ғана емес, басқа да ерекшеліктерге тыйым салынатынын білдіреді. Мәселен, бала мектепке еркін киім үлгісімен, сәнді немесе спорттық киімдермен, жарқыраған ешекей бұйымдармен келе алмайды. Өйткені «форма» ұғымы соның бәрін реттейді.

Форма тек мектепке тән ерекшелік емес. Көптеген кәсіби салалық мекемелер оқу орны, жұмыс орны деп бөлместен, барлық деңгейлерде белгілі бір формаларды сақтауды талап етеді. Оның барлығы кәсіби, техникалық, игиеналық, тағы басқа талаптардан туындайтыны белгілі.

Мектеп формасының да көтеріп отырған өзіндік әлеуметтік-тұлғалық жүгі бар. Біріншіден, кез келген форма белгілі бір мекемеге қатыстылықты білдіретіндіктен, тұлғаға сол мекеме алдындағы жауапкершілікті жүктейді. Екіншіден, форма – құқықтық қатынастар шегін айқындайтын бақылау құралы. Қарапайым мысалмен өрнектесек, мектеп формасындағы бала сабақ уақытында көше кезіп жүрсе немесе компьютер клубында ойын ойнап отырса, кез келген учаскелік полиция қызметкерінің оның мән-жайын сұрап, қадағалауға құқығы бар. Үшіншіден, біртекті форма мектеп жасындағы балалардың әлеуметтік тұрғыдан жіктелуіне, психологиялық

қысымдардың орын алуына жол бермейді, яғни «бұлақ бастан бұлғанбас» үшін форманың сақталуы қажет-ақ.

Тізе берсек, басқа да артықшылықтарды атауға болады, бірақ оның барлығы қарапайым қоғам мүшесіне де белгілі. Айтылғандарды ескере отырып, мектеп формасына қойылатын талаптарға кең түсінікпен қараған жөн.

Ендігі бір назар аударатын мәселе – жекелеген діндар азаматтар мектепте хиджабқа жол берілмеуін Конституцияға қайшылық ретінде бағалайды. Біз мұны құқықтық сауаттылықтың қарапайым деңгейін игермегеніміздің көрінісі дер едік.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 22-бабына сәйкес «әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар». Бірақ дәл осы бапта жазылғандай, «ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс». Яғни, сол бостандыққа қатысты құқықтық нормаларда оның шетшегі де айқын көрсетілген.

Ата заң ең басты құқықтық қағидаларды айқындайды. Ал онда айтылған азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерді салалық заңдар белгілейді. Аталмыш құқықтар мен міндеттерге байланысты болатын немесе оларды шектеуі мүмкін қатынастар да сол салалық заңдарда көрсетіледі. Сондықтан конституциялық және өзге де заңнамалық нормаларға сүйене отырып, «Білім туралы» заң да өз саласындағы тиісті құқықтық қатынастарды айқындады. Оның ішінде білім алушылардың мектеп формасын сақтау міндеттілігі де бар.

Дәл осы секілді Ата заң аясында әзірленген ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңының 3-бабының 5-тармағында ешкімнің өз діни нанымдары себептері бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға құқығы жоқтығы атап көрсетілген.

Ал аталған заңның 3-бабының 8-тармағында ата-аналардың балаларды өз нанымдарына сәйкес тәрбиелеуіне мемлекеттің араласпайтыны айтылған. Бірақ осы нормадан да ескерту ретінде: «мұндай тәрбиелеу баланың өмірі мен денсаулығына қатер төндірген, оның құқықтарына қысым жасаған және жауапкершілігін шектеген... жағдайларды қоспағанда» деген қағидаттың тұрғанын естен шығармау қажет. Бұл жерде де араласпау әрекетінің заңдық шектері айқын көрсетілген.

Сондықтан «Білім туралы» заңның білім мекемесінің ішкі тәртібін сақтау мақсатында мектеп формасына қойған талаптары азаматтардың ар-ождан бостандықтарын бұзбайды, керісінше, олардың заңнамалық нормаларға кең түсінікпен, ашық азаматтық тұрғыдан қарауын міндеттейді. Әрбір саналы азаматтың заң қағидалары ар-ождан бостандығын қамтамасыз етумен қатар, мемлекет алдындағы міндеттер мен жауапкершіліктерді қоса жүктейтінін есте тұтқаны абзал.

Мектепте хиджабқа рұқсат етілмеуіне наразы кейбір азаматтар хиджаб киюді мұсылмандықтың тікелей көрінісі ретінде түсіндіруге тырысады. Бірақ ислам шариғаты бойынша мұсылмандықтың негізгі шарты – иман келтіру. «Лә иләһә илла Аллах, Мухаммад расулаллах» деп иман келтірген, осы кәлимаһ тілмен айтып, жүрегімен сенген адамның мұсылман екеніне шүбәлануға ешкімнің құқығы жоқ. Қазақстан мұсылмандары үшін дәстүрлі болып табылатын ханафи мәзһабының негізін салған Әбу Ханифа (Имам Ағзам): «Кім Алланы және одан түсірілгендерді тілмен де, жүрегімен де мойындаса, онда ол Алланың алдында

да, адамдар үшін де мұсылман» деп жазады.

Хиджаб мәселесіне ойыссақ, мұсылман әйелдердің орамал тағуы Құранда бұйырылғандықтан, ол парыз амал болып есептеледі. Парызды мойындамау – күпірлік, ол діннен шығуға алып барады. Ал орамалдың парыз екенін мойындаса, бірақ белгілі бір себептермен (біздің мысалымызда – мектеп формасын сақтау қажеттілігінен) таға алмаса, ол әйел немесе қыз бала мұсылмандықтан шыққан болып саналмайды. Яғни, жүрегіне иманы бар болса, орамал тақпаған әйелді «мұсылман емес, көпір» деп ешкім айта алмайды. Керісінше, бұл жағдайда Мұхаммед пайғамбардың: «Кімде-кім бауырына: «Ей, көпір!» десе, егер ол адам шынымен көпір болмаса, онда айтқан адамның өзі көпір болады» деген қатаң ескертуін есте ұстау орынды. Ислам шариғаты бойынша иман келтірген мұсылман адамды «көпір» деп айыптауға болмайды.

Орамалдың парыз екеніне сену – иман мәселесі, ал оны тағу – амал мәселесі. Иман бөлек те, амал бөлек. Амал иманның бір бөлігі де, тікелей көрінісі де емес. Бұл жайында Әбу Ханифа Имам Ағзам былай деп жазады: «Алла Тағала иманды амалдардан артық етіп бекітті. Мүминдерді құлшылық етуге, зекет төлеуге, ораза тұтуға, қажылықты өтеуге ұмтылдыратын, Аллаға иман келтіруге шақыратын зекет, ораза немесе қажылық амалдары емес, керісінше, олардың имандары. Бұл – осылай, өйткені олар алдымен иман келтірді, содан кейін амалдарды орындауға көшті. Аллаға деген сенім оларды діни парыздарды орындауға жұмылдырды, ал керісінше (болған жоқ, яғни), діни парыздар Аллаға деген иманды олардың жүректеріне қондырған жоқ».

Имам Ағзам әйелдердің белгілі бір жағдайларда Алла Тағаланың рұқсатымен намаз оқи алмайтынын – парыз амалды орындамайтынын айта келіп: «Егер иман мен амал бір десек, намаз оқымай жүрген кездерінде әйелді иманы жоқ деуге тура келер еді. Бірақ бұл олай емес, сондықтан иман мен амал бір емес» дейді.

Егер орамал мұсылмандықтың басты көрінісі болса, иманды жүректен бір сәт те өшіруге болмайтыны секілді, орамалды бір сәт те шешуге рұқсат берілмес еді. Бірақ ислам шариғатында олай емес – балиғатқа толған қыз бала мен әйел адам жақын туыстарының көзінше (ер адам болса да) орамалсыз, тұмшаланбай жүре алады. Бұл туралы талай дәлел-дәйектер келтіруге болады, бірақ қысқарта айтсақ – иман орамалмен бірге алынып-салынып тұратын заттық дүние емес.

Мұхаммед пайғамбардың өз хадисінде: «Мұсылман дегеніміз – қолымен және тілімен мұсылманға залал келтірмеген адам» деген. «Алла Тағала сіздердің сырт көріністеріңізге қарамайды, жүректеріңіз бен амалдарыңызға назар салады» деген хадис те бар. Сондықтан мұсылмандықты тек формалармен байланыстыруға әуестену жөн емес.

Исламның шынайы рухын терең сезінген көшегі қазақ «иманды» деп жүрегіңде берік сенімі бар, терең адамгершілік қасиетке ие, ізгі мінез-құлықты жанды айтқан. Аталарымыз қашанда жүректегі иманды басты орынға қойған. «Сырт тазасы не керек, Тазарт әуел ішінді» деп риякерліктен тыйған. «Сыртқа қасиет бітпейді, Алла Тағала қарайтұғын қалыбыңа (жүрегіңе), боямасыз ықыласыңа бітеді» деген Абай ақын да осы қисынмен пайымдаған. «Мұсылмандылық кімде жоқ, Тілде бар да, ділде жоқ» деп назаланған Әбубәкір Кердері қазақтың болмысына біткен жүректегі иманын жоқтады. Иман мен исламды ажыратып қарамаған қазақ өз танымын осылай өрнектеген болатын.

Өткен жылы біздің орталық еліміздің барлық аймақтарында зерделеу жұмыстарын жүргізіп, 11000-ға жуық адамды қамтыған 200-дей іс-шара өткізді. Шаралар барысында 2105 адамнан сауал-

нама алынды. Оның 459-ы мектеп оқушылары болатын.

Бір ерекшелігі, сауалнама алу кезінде де, фокус-топтық талдаулар барысында да оқушылардың еркін сөйлеуіне, ашық пікір білдіруіне мүмкіндік берілгеніне және сауалнамалардың анонимді түрде толтырылғанына қарамастан, оқушылар тарапынан бірде-бір рет хиджаб кию мәселесі көтерілмеді.

Бұл мәселе сауалнамаға қатысқан 305 жергілікті тұрғын тарапынан да көтерілген жоқ. Мәселеге тек фокус-топтық талдауға қатысқан 330 мұғалімнің бірнешеуі назар аударды, оның өзі «Мектепте хиджаб кию мәселесі көтерілген жағдайда оған қандай заңдық негіздер бойынша жауап берген жөн?» деген алдын алу шараларына қатысты сауал болды.

Айтылғандардан аңғаратынымыздай, мектептегі орамал мәселесіне қатысты айтарлықтай қызығушылық үрдісі байқалмайды. Бұл мәселені қоздырып, қоғамдық пікір туындап жатқан секілді етіп көрсетіп, санаулы адамдардың көмегімен қолдан пікірталас ұйымдастырып жататындар көп жағдайда заң талаптарын толық түсініп-білмеген, діннің формалық жағына мән беріп, мазмұндық қырын назардан тыс қалдырған азаматтар немесе ішкі тұрақтылыққа сына қаққысы келетін мүдделі тұлғалар.

Сөз соңында мына мәселелерге назар аударуды жөн санар едік. Зайырлы мемлекет заңнамалары белгілі бір діни бірлестіктің мақсатын емес, тұтас азаматтық қоғамның мүддесін көздей отырып жасалады. Заң талаптары мен тыйымдары барлық дін өкілдеріне ортақ. Яғни, мектептегі зайырлылыққа қатысты ұстанымдар тек ислам дініне ғана емес, басқа діндерге де тікелей қатысты. Мектеп формасына байланысты талаптар хиджаб киюді ғана емес, өзге де діндер элементтерін пайдалануды шектейді. Өйткені кез келген атрибутика, символ, элемент белгілі бір дәрежеде өзі қатысты болып табылатын сенімді насихаттауды білдіреді. Барлық діндердің заң алдындағы теңдігін қамтамасыз ететіндіктен зайырлылық қағидалары жеке бір дінді ерекшелеуге жол бермейді.

Екіншіден, барлық дін өкілдерінің ортақ заң талаптарына бағынуын талап ету көп конфессиялы еліміздегі ішкі тұрақтылықты сақтаудың бірден-бір тетігі. Дінаралық қақтығыстардың орын алмауына мемлекет азаматтары да мүдделі болып, оған заң нормаларын сақтау арқылы үлес қосуы тиіс.

Үшіншіден, осы аталғандардың барлығы заң талабы, мемлекет басшысының шешімі. Ал ислам шариғаты тұрғысынан алғанда, заңға және басшыға мойынсұну міндетті. Оларға қарсы шығу исламда бүлік шығарушылық ретінде айыпталды. Құранның «Бақара» сүресінде «Бүлік шығару – кісі өлтіруден де ауыр күнә» деген аят бар. Бұл мұсылман үмбетінің зайырлы заңнамаға да құрметпен қарауын міндеттейді.

Қазақстан Республикасында діни сенім бостандығы қамтамасыз етілген. Өзге дін өкілдерімен қатар мұсылман азаматтар да бес парызын өтеп, діни құлшылықтарын кедергісіз жүзеге асыруда. Ал мектеп қабырғасында хиджабқа рұқсат берілмеуі білім мекемесінің ішкі тәртібін зайырлылық қағидаларына сай сақтау мақсатында ғана жасалады. Мектептен тыс орындарда бұл мәселеге қатысты ешқандай тыйымдар көзделмеген. Сондықтан мектептегі хиджаб мәселесін көтеруді азаматтар сенім бостандығына мүмкіндік беретін заңға және басшыға бағынудың әрі азаматтық міндет, әрі мұсылмандық парыз екенін түсінгені жөн.

Айнұр ӘБДІРӘСІЛҚЫЗЫ, ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі Дін істері комитеті Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығының директоры.

«ХИДЖАБ МӘСЕЛЕСІ» БІЛІМ АЛУҒА КЕДЕРГІ БОЛМАУЫ ТИІС

Зайырлы мемлекет қызметінің, діни құндылықтардың бағдары мен талабының әр түрлі болуы қазіргі әлем елдерінің басым көпшілігіне тән құбылыс. Мемлекеттік жүйе қоғамда өмір сүріп, білім алып жатқан барлық азаматтарға бірдей мүмкіндіктер жасауға негізделеді. Ал діни қағидалар дінді ұстанушыларға ортақ міндеттер жүктейді. Осыған орай, Қазақстан қоғамында соңғы бірнеше жыл көлемінде екіұшты пікір қалыптастырып келе жатқан түйткілді мәселелердің бірі – мектепте діни үлгідегі киім киюге қатысты ұстанымнан туындап отыр.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығына сәйкес мектеп формасына қойылатын талаптар «білім берудің зайырлы сипатын іске асыруға және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларының арасында әлеуметтік, мүлкітік және басқа да өзгешеліктердің белгілерін жоюға бағытталған».

ҚР «Білім туралы» Заңының 47-бабының 15-1-тармағына сәйкес «Орта білім беру ұйымдарында білім алушылар білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті. Өзге білім беру ұйымдарында білім алушылар білім беру ұйымында белгіленген киім формасын сақтауға міндетті».

ҚР Білім және ғылым министрлігінің мектеп формасына қатысты талаптарын түсіністікпен қабылдаған жөн. ҚР Конституциясы мен заңдары азаматтарға барынша кең құқықтар берумен қатар олардың мемлекет пен қоғам алдындағы міндеттерін де айқындап берген.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы «Біз мұсылман жамағаты мен ата-аналарды оқу орындарының мектеп оқушыларының киім үлгісіне қатысты қойылатын талаптарына түсіністікпен және сабырлықпен қарауға шақырамыз. Бұл мәселені ушықтыру дұрыс емес. Өйткені елімізде орамалға түбегейлі тыйым салынбағанын түсінуіміз керек. Тек орта мектептерде киім үлгісін бірізділікке түсіру мақсатында шешім қабылданған» деп аталмыш мәселеге қатысты өз ресми ұстанымын білдірген болатын.

Қазақстанның кейбір діндар азаматтары мектеп жасындағы қыздарының киім үлгісі ортақ зайырлы оқу орындарында білім алуынан бас тартып, оларды діни оқу орындарына тапсырумен шектелмек. Мектеп ережесіне сәйкес белгіленген мектеп формасын киізуден бас тартқан ата-аналардың өз қыздарын сабаққа жібермеу оқиғаларының орын алғандығы белгілі. Бұндай факттерге негізделе отырып, бүгінгі таңда қыз балалардың білім алуына «хиджаб» мәселесінің кедергі болып отырғандығын айта аламыз. Дегенмен, Ислам діні бойынша білім алу және мемлекет заңына мойынсұну – парыз болып табылады.

Қазақстан Республикасы барлық азаматтарға, оның ішінде мұсылмандарға да, сенім бостандығына қатысты барынша жағдай жасап беріп отыр. Мектептен басқа жерлерде орамал тағуға тыйымның салынбағандығын естен шығармаған жөн. Парасатты ұрпақ білім мен рухани тәрбиенің тоғысуынан туындайды. Мектепте ортақ киім формасын қалыптастыру ұлт болашағы мен тұтас ұлттық сана-сөзімнің дамуы үшін рухани қажеттілік болып табылады.

Елдің саналы азаматтары «хиджаб» сияқты қайшылықты мәселелерді желеулетіп жүрген кейбір мүдделі топтардың арандатушылығына тосқауыл бола білуі қажет. Ел тұрақтылығы үшін руханиятты дамуы жолында асығыстық пен күйлегіктікке бой бермей, ортақ тілге келіп, ынтымағымызды жаңғырта білгеніміз жөн.

МЕЛБАҒДАРЛАМА

ДҮЙСЕНБІ, 17 ҚАЗАН КАЗАХСТАН

Профилактикалық жұмыстар 17.00-ге дейін 17:00 Әнұран 17:05 «Көңіл толқыны» 17:15 «Бүгінгі күннің батырлары» 17:30 KAZNEWS 17:55 «Тәуелсіздік тірегім» (Алматы облысы) 18:10 «Санжар мен Қайсар» Т/х 18:45 «Сәлем, Астана!» М/х 18:55 «МЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ!» 19:30 «СУРАЙЯ» Т/х 20:30 KAZNEWS 21:15 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 22:00 «АЙМАН&ШОЛПАН» Т/х 22:55 «ҰЛЫ ДАЛА ӘСИЕТІ» Д/ф 23:00 «КЕЛІН» Т/х 23:55 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:30 KAZNEWS 1:15 «SPORT.KZ» 1:35 «Жаңа қоныс» Т/х 2:10 «Серпіліс» 2:55 «Бүгінгі күннің батырлары» 3:05 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:35 «Тәуелсіздік тірегім» (Алматы облысы)

ХАБАР

Профилактический день с 03:00 до 17:00 17:02 «Народный контроль» 17:15 «ЕХРО - болашақ энергиясы» 17:25 «Егіз жүрек» 18:00 «Біздің назарда» 18:15 Т/х «Қыз жолы» 2 19:00 Қорытынды жаңалықтар 19:35 Негізінде 19:40 Т/х «Ақылдың кілті Өмірдастан» 2 20:30 «ЕХРО - энергия будущего» 20:35 «Бетпе-бет» 21:00 Итоги дня 21:35 По сути 21:40 «Бюро расследований» 22:10 Т/х «Осколки» 23:05 «Тағдыр тартысы» 23:40 «Әр үйдің сыры басқа» 00:10 Қорытынды жаңалықтар 00:45 «Өмір сабақтары» 01:15 «Әр үйдің сыры басқа» 01:45 Қорытынды жаңалықтар 02:20 «Сотқа жеткізбей»

ЕВРАЗИЯ

Перерыв в эфире до 17:00 в связи с профилактическими работами 17:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 17:05 «ТОЙ ЗАКАЗ» 17:35 «РОДИНА» 18:50 Т/с «РАДИ ЛЮБВИ Я ВСЕ СМОГУ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:55 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР» Т/х 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:40 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/х 23:35 «П@УТИНА» 0:00 «ЗАБУДЬ И ВСПОМНИ» Т/с 2:00 «П@УТИНА» 2:20 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»

СЕЙСЕНБІ, 18 ҚАЗАН КАЗАХСТАН

6:00 Әнұран 6:05 KAZNEWS 6:50 «Көңіл толқыны» 7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Питер Пэн» М/х 10:25 «ТОБОТ» М/х 10:45 «Айман&Шолпан» Т/х 11:40 «Айтуға оңай...» 12:25 «Жаңа қоныс» Т/х 12:55 KAZNEWS (Дайджест) 13:00 «БІРГЕ ТАҢДАЙМЫЗ!» 14:00-16:00 техникалық үзіліс 16:00 «Әндер мен жылдар» Концерт 16:40 «Сурайя» Т/х 17:30 KAZNEWS 17:55 «БЕИНЕТ ТҮБІ - ЗЕИНЕТ» 18:10 «Санжар мен Қайсар» Т/х 18:40 «Сәлем, Астана!» М/х 18:50 «Sport.kz» 19:10 Тәуелсіздікке 25 жыл «ТАБЫС СЫРЫ» 19:30 «СУРАЙЯ» Т/х 20:30 KAZNEWS 21:15 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 22:00 «АЙМАН&ШОЛПАН» Т/х 22:55 «ҰЛЫ ДАЛА ӘСИЕТІ» Д/ф 23:00 «КЕЛІН» Т/х 23:55 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:30 KAZNEWS 1:15 «Жаңа қоныс» Т/х 1:50 Тәуелсіздікке 25 жыл «Табыс сыры» 2:15 «Қылмыс пен жаза» 2:35 «Бүгінгі күннің батырлары» 2:45 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:15 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт

ХАБАР

07:02 «Өмір сабақтары» 07:30 «Сотқа жеткізбей» 08:00 «Жаңа күн» 10:10 Т/с «Осколки» 11:00 «Әр үйдің сыры басқа» 11:30 Т/х «Ақылдың кілті Өмірдастан» 2 12:30 «Магия кухни» 13:00 «Семейные мелодрамы» 14:00 Т/с «И все-таки я люблю...» 15:00 «Важно знать» 15:15 «Көңіл толқыны» 15:45 Т/х «Зауал» 16:35 «Тағдыр тартысы» 17:10 «ЕХРО - энергия будущего» 17:15 «Біздің үй» 18:00 «Білу маньяды» 18:15 Т/х «Қыз жолы» 2 19:00 Қорытынды жаңалықтар 19:35 Негізінде 19:40 Т/х «Ақылдың кілті Өмірдастан» 2 20:30 «ЕХРО - болашақ энергиясы» 20:35 «Қайсар жандар» 21:00 Итоги дня 21:35 По сути 21:40 Т/с «Такая работа» 22:30 Т/с «Осколки» 23:25 «Тағдыр тартысы» 00:00 «Әр үйдің сыры басқа» 00:30 Қорытынды жаңалықтар 01:00 «Өмір сабақтары» 01:30 «Әр үйдің сыры басқа» 02:00 Қорытынды жаңалықтар 02:30 «Сотқа жеткізбей»

ЕВРАЗИЯ

6 : 0 0 Ж А Ң А Л Ы Қ Т А Р СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:10 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 10:00 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 11:00 «ТОЙ ЗАКАЗ» 11:30 «ЭЙЕЛ СЫРЫ...» 12:30 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР» Т/х 13:15 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/х 14:05 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 15:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 15:10 «ПРАВДА» 15:15 «ИДЕАЛЬНАЯ ЖЕРТВА» Т/с 16:20 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!» 17:35 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:50 Т/с «РАДИ ЛЮБВИ Я ВСЕ СМОГУ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:55 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР» Т/х 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:40 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/х 23:35 «П@УТИНА» 0:00 «ЗАБУДЬ И ВСПОМНИ» Т/с 2:00 «П@УТИНА» 2:20 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:05 «ЭЙЕЛ СЫРЫ...»

СӘРСЕНБІ, 19 ҚАЗАН КАЗАХСТАН

6:00 Әнұран 6:05 KAZNEWS 6:50 «Көңіл толқыны» 7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Питер Пэн» М/х 10:25 «ТОБОТ» М/х 10:45 «Айман&Шолпан» Т/х 11:35 «Айтуға оңай...» 12:25 «Жаңа қоныс» Т/х 12:55 KAZNEWS (Дайджест) 13:00 «БІРГЕ ТАҢДАЙМЫЗ!» 14:10 «Келін» Т/х 14:55 KAZNEWS (Дайджест) 15:00 «ЭЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:40 «Сурайя» Т/х 17:30 KAZNEWS 17:55 «Бүгінгі күннің батырлары» 18:15 «Санжар мен Қайсар» Т/х 18:45 «Сәлем, Астана!» М/х 19:00 «ҮЗІЛДІ ТҮЗДІ БІР ГҮЛІ...» 19:30 «СУРАЙЯ» Т/х 20:30 KAZNEWS 21:15 «СҰХБАТ» 22:00 «АЙМАН&ШОЛПАН» Т/х 22:55 «ҰЛЫ ДАЛА ӘСИЕТІ» Д/ф 23:00 «КЕЛІН» Т/х 23:55 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:30 KAZNEWS 1:15 «Жаңа қоныс» Т/х 1:50

«Үзілді түздің бір гүлі...» 2:15 «Журналистік зерттеу» 2:40 «Бүгінгі күннің батырлары» 2:50 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:20 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт

ХАБАР

07:02 «Өсем әуен» 07:15 «Біздің үй» 08:00 «Жаңа күн» 10:10 Т/с «Осколки» 11:00 «Әр үйдің сыры басқа» 11:30 Т/х «Ақылдың кілті Өмірдастан» 2 12:30 «Магия кухни» 13:00 «Семейные мелодрамы» 14:00 Т/с «И все-таки я люблю...» 15:00 «Народный контроль» 15:15 «Көңіл толқыны» 15:45 Т/х «Зауал» 16:35 «Тағдыр тартысы» 17:10 «ЕХРО - болашақ энергиясы» 17:15 «Біздің үй» 18:00 «Біздің назарда» 18:15 Т/х «Қыз жолы» 2 19:00 Қорытынды жаңалықтар 19:35 Негізінде 19:40 Т/х «Ақылдың кілті Өмірдастан» 2 20:25 «ЕХРО - энергия будущего» 20:30 «Қайсар жандар» 21:00 Итоги дня 21:35 По сути 21:40 Т/с «Такая работа» 22:30 Т/с «Осколки» 23:25 «Тағдыр тартысы» 00:00 «Әр үйдің сыры басқа» 00:30 Қорытынды жаңалықтар 01:00 «Өмір сабақтары» 01:30 «Әр үйдің сыры басқа» 02:00 Қорытынды жаңалықтар 02:30 «Сотқа жеткізбей»

ЕВРАЗИЯ

6 : 0 0 Ж А Ң А Л Ы Қ Т А Р СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:10 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 10:00 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 11:00 «ТОЙ ЗАКАЗ» 11:30 «ЭЙЕЛ СЫРЫ...» 12:30 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР» Т/х 13:15 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/х 14:05 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 15:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 15:10 «ПРАВДА» 15:15 «ИДЕАЛЬНАЯ ЖЕРТВА» Т/с 16:20 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!» 17:35 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:50 Т/с «РАДИ ЛЮБВИ Я ВСЕ СМОГУ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:55 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР» Т/х 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:40 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/х 23:35 «П@УТИНА» 0:00 «ЗАБУДЬ И ВСПОМНИ» Т/с 2:00 «П@УТИНА» 2:20 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:05 «ЭЙЕЛ СЫРЫ...»

БЕЙСЕНБІ, 20 ҚАЗАН КАЗАХСТАН

6:00 Әнұран 6:05 KAZNEWS 6:50 «Көңіл толқыны» 7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Питер Пэн» М/х 10:25 «ТОБОТ» М/х 10:45 «Айман&Шолпан» Т/х 11:40 «Айтуға оңай...» 12:25 «Жаңа қоныс» Т/х 12:55 KAZNEWS (Дайджест) 13:00 «БІРГЕ ТАҢДАЙМЫЗ!» 14:10 «Келін» Т/х 14:55 KAZNEWS (Дайджест) 15:00 «ЭЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:40 «Сурайя» Т/х 17:30 KAZNEWS 17:55 «Бүгінгі күннің батырлары» 18:15 «Санжар мен Қайсар» Т/х 18:45 «Сәлем, Астана!» М/х 19:00 «АГРОБИЗНЕС» 19:30 «СУРАЙЯ» Т/х 20:30 KAZNEWS 21:15 «ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС» 22:00 «АЙМАН&ШОЛПАН» Т/х 22:55 «Ұлы дала өсиеті» Д/ф 23:00 «КЕЛІН» Т/х 23:55 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:30 «МУЗАРТ Live» Күнделік 0:40 KAZNEWS 1:25 «Жаңа қоныс» Т/х 1:55 «Бүгінгі күннің батырлары» 2:05 «Агробизнес» 2:30 «Журналистік зерттеу» 2:50 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:20 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт

ХАБАР

07:02 «Өсем әуен» 07:15 «Біздің үй» 08:00 «Жаңа күн» 10:10 Т/с «Осколки» 11:00 «Әр үйдің сыры басқа» 11:30 Т/х «Ақылдың кілті Өмірдастан» 2 12:30 «Магия кухни» 13:00 «Семейные мелодрамы» 14:00 Т/с «И все-таки я люблю...» 15:00 «Важно знать» 15:15 «Көңіл толқыны» 15:45 Т/х «Зауал» 16:35 «Тағдыр тартысы» 17:10 «ЕХРО - энергия будущего» 17:15 «Біздің үй» 18:00 «Білу маньяды» 18:15 Т/х «Қыз жолы» 2 19:00 Қорытынды жаңалықтар 19:35 Негізінде 19:40 Т/х «Ақылдың кілті Өмірдастан» 2 20:40 «ЕХРО - болашақ энергиясы» 20:45 «Қайсар жандар» 21:00 Итоги дня 21:35 По сути 21:40 Т/с «Такая работа» 22:30 Т/с «Осколки» 23:25 «Тағдыр тартысы» 00:00 «Әр үйдің сыры басқа» 00:30 Қорытынды жаңалықтар 01:00 «Өмір сабақтары» 01:30 «Әр үйдің сыры басқа» 02:00 Қорытынды жаңалықтар 02:30 «Сотқа жеткізбей»

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:10 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 10:00 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 11:00 «ТОЙ ЗАКАЗ» 11:30 «ЭЙЕЛ СЫРЫ...» 12:30 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР» Т/х 13:15 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/х 14:05 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 15:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 15:10 «ПРАВДА» 15:15 «ИДЕАЛЬНАЯ ЖЕРТВА» Т/с 16:20 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!» 17:35 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 18:50 Т/с «РАДИ ЛЮБВИ Я ВСЕ СМОГУ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:55 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР» Т/х 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:40 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/х 23:35 «П@УТИНА» 0:00 «ЗАБУДЬ И ВСПОМНИ» 2:00 «П@УТИНА» 2:20 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:05 «ЭЙЕЛ СЫРЫ...»

ЖҰМА, 21 ҚАЗАН КАЗАХСТАН

6:00 Әнұран 6:05 KAZNEWS 6:50 «Көңіл толқыны» 7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Музарт Live» Күнделік 10:10 «Питер Пэн» М/х 10:35 «ТОБОТ» М/х 10:55 «Айман&Шолпан» Т/х 11:40 «Қоғамдық кеңес» 12:25 «Жаңа қоныс» Т/х 12:55 KAZNEWS (Дайджест) 13:00 «БІРГЕ ТАҢДАЙМЫЗ!» 14:10 «Келін» Т/х 14:55 KAZNEWS (Дайджест) 15:00 «ЭЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:40 «Сурайя» Т/х 17:30 KAZNEWS 17:55 «Бүгінгі күннің батырлары» 18:05 «Санжар мен Қайсар» Т/х 18:35 «Ертегілер еріне саяхат» М/х 18:45 «ЖАН ЖЫЛУЫ» 19:05 «ИМАН АЙНАСЫ» 19:30 «СУРАЙЯ» Т/х 20:30 KAZNEWS 21:00 ПАРЛАМЕНТ 21:15 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 22:00 «СӘЛЕМ,

ҚАЗАҚСТАН!» 23:25 «КЕЛІН» Т/х 0:20 «ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА» 0:40 KAZNEWS 1:10 Парламент 1:25 «Жаңа қоныс» Т/х 1:55 «Жан жылуы» 2:15 «Иман айнасы» 2:35 «Дауа» 3:05 «Қылмыс пен жаза» 3:30 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 4:00 Әнұран

ХАБАР

07:02 «Біздің үй» 07:40 «Продвопрос» 08:00 «Жаңа күн» 10:10 Т/с «Осколки» 11:00 «Әр үйдің сыры басқа» 11:30 Т/х «Ақылдың кілті Өмірдастан» 2 12:30 «Магия кухни» 13:00 «Семейные мелодрамы» 14:00 Т/с «Битва за Севастополь» 15:00 «Народный контроль» 15:15 «Көңіл толқыны» 15:45 Т/х «Зауал» 16:45 «Тағдыр тартысы» 17:20 «ЕХРО - болашақ энергиясы» 17:20 «Өмір жолы» 18:00 «Біздің назарда» 18:15 «Компромат» 19:00 Қорытынды жаңалықтар 19:40 Т/х «Ақылдың кілті Өмірдастан» 2 20:25 «ЕХРО - энергия будущего» 20:30 «Арнайы хабар» 21:00 Итоги дня 21:40 Т/с «Такая работа» 22:30 Т/с «Осколки» 23:25 Кино «Просто друзья» 01:05 «Әр үйдің сыры басқа» 01:35 «Сотқа жеткізбей»

ЕВРАЗИЯ

6:00 «ЭЙЕЛ СЫРЫ...» 6:45 «ЖҰМА УАҒЫЗЫ» 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:10 «САПА БАҚЫЛАУДА» 7:55 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 8:00 «ДОБРОЕ УТРО» 10:00 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 11:00 «ТОЙ ЗАКАЗ» 11:30 «ЭЙЕЛ СЫРЫ...» 12:30 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР» Т/х 13:15 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/х 14:05 «ВСЕ МЫ ЛЮДИ» 15:00 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 15:10 «ПРАВДА» 15:15 «ИДЕАЛЬНАЯ ЖЕРТВА» 17:25 «ЖДИ МЕНЯ» КАЗАХСТАН 18:35 «ЕВРАЗИЯ ЛОТО» 18:45 «ПОЛЕ ЧУДЕС» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:55 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АҚБАР» Т/х 22:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:40 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/х 23:35 «П@УТИНА» 0:00 НОЧЬ БОЛЬШИХ КУЛАКОВ! «M1 CHALLENGE 71» 2:50 «П@УТИНА» 3:10 «БАСТЫ ПАТРУЛЬ» 3:20 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 3:55 «ЭЙЕЛ СЫРЫ...» 4:40 «ТОЙ ЗАКАЗ»

СЕНБІ, 22 ҚАЗАН КАЗАХСТАН

6:00 Әнұран 6:05 KAZNEWS 6:40 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 8:15 «ДАРА МЕН ДОСТАРЫ» М/х 9:00 «СЕНБІЛІК ТАН» 10:10 «Музарт Live» 11:40 «Әзіл әлемі» 12:00 «АС БОЛСЫН!» 12:35 «БАЛАПАН ЖҰЛДЫЗ» 13:40 «ОЙ-ТОЛҒАУ» 14:30 «Еліме деген өсиет» Айгүл Елшібаеваның концерті 15:30 «Жарық» Т/х 18:35 «Музарт Live» Күнделік 18:45 «ТАҚИЯЛЫ ПЕРИШТЕ» Киноконцерт 20:05 «Медицина саласындағы жетістіктер» 20:30 KAZNEWS 21:05 «ДАРА ЖОЛ» 22:35 «КӨНІЛШАР» 0:05 KAZNEWS 0:40 Кино «Алабеттен ереже» 2:30 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт

ХАБАР

07:02 «Қалжың қоржыны» 08:30 «Қызық times» 09:35 «Биле, Қазақстан!» Дневник 09:50 М/ф «Со склонов Кокурико» 11:20 Кино «Дети шпионов 3 Игра окончена» 12:50 Т/х «Сүйген жарым» 14:40 «Биле, Қазақстан!» 16:30 «Экспедиция 25» 17:00 Айгүл Иманбаеваның «Сен ғана» атты өн кеші 18:50 «Ду-думан» 20:00 «Бенефис-шоу» 21:00 «7 күн» 22:00 Кино «Выхода нет» 23:40 Т/с «Дворец Абдин» 00:40 Т/х «Әселдің құрбы-құрдастары» 02:30 Қазақстан театры

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР» 7:00 «ИДЕАЛЬНЫЙ РЕМОНТ» 7:50 «ВЕРОНИКА МАРС» Т/х 8:35 «П@УТИНА» 9:00 «СМАК» 9:40 Кино «ИЩУ ПОПУТЧИКА» 11:40 «ФАБРИКА ГРЕЗ» 12:00 «112 НЕДЕЛЯ» 12:25 «ВЕРОНИКА МАРС» Т/х 13:25 «ТОЙ БАЗАР» 14:25 «П@УТИНА» 15:05 «ЛЮБИМАЯ УЧИТЕЛЬНИЦА» 18:35 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» 20:00 «ПЕРВАЯ ПРОГРАММА» 21:00 ПРЕМЬЕРА СЕЗОНА «ГОЛОС КАЗАХСТАНА» 22:30 «БАСТЫ БАҒДАРЛАМА» 23:05 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/х 0:00 «ЛЕДНИКОВЫЙ ПЕРИОД» НОВЫЙ СЕЗОН 2:40 «112 НЕДЕЛЯ» 3:00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» 4:00 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»

ЖЕКСЕНБІ, 23 ҚАЗАН КАЗАХСТАН

6:00 Әнұран 6:05 KAZNEWS 6:40 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 7:30 «Көңілашар» 9:00 «БҮГІН ЖЕКСЕНБІ» 11:15 «БІЛГІРІП БӘЙГЕСІ» 12:00 «Сәлем, Қазақстан!» 13:25 «Дара жол» 14:55 «Жарық» Т/х 17:55 «Жайдарман» 20:00 «АПТА KZ» 21:00 «МУЗАРТ Live» 22:35 «СЕРПІЛІС» 23:25 Кино «Қауын» 0:40 «Ой-толғау» 1:30 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт

ХАБАР

07:02 «Қалжың қоржыны» 08:10 «Өсем әуен» 08:35 «Ас арқау» 9:00 «ТВ Бинго» 10:00 «Биле, Қазақстан!» Дневник 10:15 М/ф «Динофроз» 10:40 М/ф «Щенячий Патруль» 11:05 Кино «Распрекраса» 12:05 Кино «Дом крокодилов» 13:45 Т/х «Сүйген жарым» 15:15 «Ду-думан» 16:30 «Экспедиция 25» 17:00 «Компромат» 18:00 «Қызық times» 19:15 «Биле, Қазақстан!» 21:00 «7 күн» 22:00 Премьер-лига Астана – Актөбе 00:00 Кино «Мальчик в девочке» 01:40 Т/х «Әселдің құрбы-құрдастары»

ЕВРАЗИЯ

6:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 6:05 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР» 7:00 «ТОЙ ЗАКАЗ» 7:35 «ВЕРОНИКА МАРС» Т/х 8:20 «П@УТИНА» 8:45 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ» 9:00 «ЗДОРОВЬЕ» 10:10 «КАЗЛОТО» 10:50 «ПОЛЕ ЧУДЕС» 12:00 «БАСТЫ БАҒДАРЛАМА» 12:35 «ВЕРОНИКА МАРС» Т/х 13:35 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» 15:00 «ГОЛОС КАЗАХСТАНА» 16:20 МУЗЫКАЛЬНЫЙ ФЕСТИВАЛЬ «ГОЛОСЯЩИЙ КИВИН 2016» 20:00 «АНАЛИТИКА» 21:00 «П@УТИНА» 22:00 «ТОЙ БАЗАР» 23:00 «ҒАЖАЙЫП ЖАН» Т/х 0:00 Кино «МЕТРО» 2:30 «П@УТИНА» 3:15 «ТОЙ БАЗАР» 4:00 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»

МЕШІТКЕ КӨМЕК КЕРЕК

Құрметті Айыртаулықтар! Сіздерге зор үмітпен аудандық орталық мешіттің алқа мүшелерінің атынан аудандық «Айыртау таңы» газеті арқылы төменгі мазмұндағы өтінішті жазып отырмыз.

Қысқа қарай мешітке жылу беру жылдан жылға қиындап барады. Өздеріңізге белгілі былтырғы қыста көп қиыншылық көрдік. Осы қиыншылықтан арылудың бүгінгі күні бір жолы табылып тұр. Көрші еліміз Челябинск қаласының кәсіпкерлері 2,5 миллион тенгеге, үнемді электр тоғы арқылы жылу беруді ұсынып отыр. Бұл жылудың құны ай сайын 15 мың тенге. Әрине бұл бізге көп жеңілдік болар еді. Ал Мешітте мұндай жылу құрылғысын сатып алуға қаржы жоқ. Сол себептен бүкіл аудан кәсіпкерлерінен және күнделікті қаржы тауып жүрген азаматтар мен азаматшалардан, зейнеткерлерден шамасы бар, жәрдемдесе алатындардан көмек сұрап отырмыз. Әрбір кәсіпкерлер өзінің қаржы шамасына қарай беруді өтнеміз. Ал қарапайым халықтан бір мыңнан кем болмаса дұрыс болар деп жорамалдаймыз. Мешітте арнаулы комиссия құрып және оның басшысы қылып, аудандық қардагерлер кеңесінің төрағасы Армия Әбілқайыров мырзаны ұсынамыз. Қиналған қаржы туралы өздеріңізге есеп беріп отырамыз. «Көп түкірсе, көп болар» дегендей, сіздерге сенім артып отырмыз.

Аудандық «Қайрош ата» мешітінің алқа мүшелері.

Күші жойылды

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы мәслихатының 2014 жылғы 29 қаңтардағы № 5-22-2 «Айыртау ауданы мәслихатының регламентін бекіту туралы» (Солтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 26 ақпанда № 2571 тіркелген) шешімі Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы мәслихатының 2016 жылғы 10 қазандағы № 6-5-7 шешімімен күші жойылды.

1 қазаннан бастап 4 тоқсанға кедейлік шегі анықталды

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 2016 жылғы 4 тоқсанға арналған кедейлік шегі 8788 (сегіз мың жеті жүз сексен сегіз) теңгені құрайтынын хабарлап отыр.

Аптадағы ауа райы	Уақыт (жергілікті)	13/10 БС	14/10 ЖМ	15/10 СН	16/10 ЖК	17/10 ДС	18/10 СС	19/10 СР
Ауаның температурасы, С°	12 с. 0 с.	+2 -2	+3 -1	+3 -1	0+2	-1 -4	-2 -4	-2 -2
Жауын - шашын (тәулік ішінде)								
Атмосфералық қысым мм сын. бағ.		734	737	739	740	743	735	737
Желдің бағыты		С-Б	О-Б	С-Ш	С-Ш	С	О-Б	С-Б
Желдің шапшаңдығы		4	5	4	5	2	5	4

Ескерту: бес және одан артық тәулікке мәліметтердің нақтылығы төмен болып табылады.

Шәкірт лебізі

ТЕМІРҚАЗЫҚҚА АЙНАЛҒАН ЖАН

Адам баласы дүниеге келгеннен кейін өмірі кезең-кезеңге бөлініп жылжи береді екен ғой. Отыздың ордасына байрағымызды тігіп, өткенге көз жүгіртіп қарасам, ең қызықты да мәнді, қалыптасуымыздың негізін қалаған кезең - мектеп



өмірі болыпты. Бүгінгі күні өзіміз 10 жылға жуық ұстаздық құрып, шәкірт тәрбиелеп, республикалық мектептің бірін басқарып жүрсек те, Ұстаздарыммен кездескен сайын партадан әлі ары аспаған шәкірт ретінде сезінемін.

Қазақтың марқасқалары Ахмет Байтұрсынұлы «Мұғалім мектептің - жаны» десе, Ыбырай Алтынсарин «Мұғалім - мектептің жүрегі» демей ме? Сондай ұстаздарымның бірі – Нұржәміл Баязидқызы.

Сал-серілердің қағаны Ақан сері мен Алаштың тұңғыш кәсіби экономисті, тарихшы Мәмбетәлі Сердалинге мәңгі мекенге айналған Карасев ауылындағы орта мектеп осы күнге дейін мыңдаған шәкірт тәрбиелеп, ұясынан қанат қақтырып ұшырған, берекесі жарасқан білім ордасы.

Александр Македонский: «Мен өзімнің ұстазыма әкемнен кем қарыздар емеспін: әкемнен өмір алсам, ал Аристотельден өмірімді жақсы өткізу туралы білім алдым» дейді. 50 жыл бойы өмірім білім беруге арнап, сол соқпақ жолымен келе жатқан Нұржәміл Баязидқызы бүгіндері мыңдаған шәкірттің анасына айналып отыр. Сол шәкірттердің қай-қайсының да ризашылығы жаны жайсаң ұстазға кеміген емес. Ұстазымыз математиканың сай-саласына ой жүгіртіп, сандар әлемінде адаспас жол көрсетіп, шәкірттеріне қараңғы түнде Темірқазыққа айналған.

Елімізде бүгінгі күні көптеген дарынды балаларға арналған мектеп, гимназиялар мен лицей-

лер ашылуда. Оларға түсу үшін қиыннан қиыстырылған емтихандар тапсырып, жүзден жүйріктер түсіп жатқаны баршаға белгілі. Дарыннан дарынды шығару кез-келген мектепке оңай түсер. Ал қарапайым қара домалақтан дарынды шығару білем. Нұржәміл Баязидқызының арқасында бүгіндері ауыл балалары дарын мектептерінің түлектерімен иық тіресіп жоғары оқу орындарында білім грантына ие болуда.

Ұстазымыз Сан мен Сөздің тізгінін қатар ұстап, өлең-жырдың жайлауында нұрын жан-жағына шашып жүрген ел анасына айналды.

Тәуелсіз еліміздің 25 жылдығында тағы бір қуанышты хабар Нұржәміл апа йымыздың «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері» атағына ие болуы шәкірттерін қуантып тастағаны ақиқат. Кеудесіне орден мен медальдерді тақпаса да, шәкірттерінің ризашылығынан тағылған орден-медальдары кез келген темірден артық көрген Нұржәміл ұстаздарымыздың арқасында әлі талай дарын мен еліміздің айтулы азаматтары тәрбиеленіп шығатынына кәміл сенемін!

Шәкірттік ілтипатпен
Саят ИБРАЕВ.

Ең қадірлі маман несі

«Мұғалім мамандығы – барлық мамандықтың көзі» – дегенге бәріміз де келісеміз деп ойлаймын. Ұстаз берген тәлім-тәбие әрбір жанның өміріндегі жол сілтер шамшырағы секілді. Мейлі ғалым бол, мейлі дихан, сауыншы бол – бәрі-бәрі ұстаз алдынан шығып отыр. Шәкірт санасына білім нәрін сеуіп, ел болашағының өрендерін тәрбиелеп шығару – маңызды да құрметті міндет. Жүрек жылуы, мейірім шуағын, адамгершілік ұлылығын баланың бойына дарыта білген жан ғана Ұстаз деген ұлы есімге лайық. Ұстаздық жолды таңдағасын алдындағы шәкірттеріне ата-анасындай жақын болып, олардың жарқын болашағына жол көрсете білу – даналық.

Ұрпақ болашағы білікті ұстаздарымыздың қолында. 25 жылдығын атап өткелі отырған Мәңгілік еліміз Тәуелсіз Қазақстанымызда өркениетке бастар жолдың бастауы мектеп десек, мектептің басты тұлғасы – мұғалім.

Ауданымыздың қазақ орта

мектебінде осындай ұстаз қызмет етуде. Ол – орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі Жанахметова Бақыт Айтжанқызы. Алғаш еңбек жолын Шүкірлік аулынан бастаған Бақыт Айтжанқызы педагогикалық қызметін Саумалкөл қазақ орта мектебінде жалғастырып келеді. Заман талабына сай жан-жақты қаруланған ұстаз көптеген оқушы-стар мен оқуларға қатысып, өзінің білімін одан сайын жетілдіріп келеді. Тәжірибелі ұстаз. Одан тәлім алған шәкірттері Мусина Мәдина, Рымбаева Диана, Каригулова Аяужан, Жигеров Нұрсұлтанбектер аудандық, облыстық, халықаралық байқаулар мен сайыстар жеңімпаздары. Ал ең алғашқы шәкірттері Баймаканова Зайраш, Байгереева Самал, Исмагулов Сейілхан, Сәдуақасов Бекеттер жоғары білім алып, еліміздің өркендеу жолында аянбау еңбек етуде.

Балаларымыздың жан-жақты, терең білімді, отансүйгіш, салауатты да сауатты азамат болып қалыптасуына ықпал жасап, тәлім-тәрбие берген Бақыт Айтжанқызына айтар алғысымыз

шексіз.

Ұстаз 2013 жылы Саумалкөл қазақ орта мектебінен сынып жетекшілік атқарған тұңғыш шәкірттерін ұшырды. Олар: Құлтанов Байболат, Мұқажанова Айгерім, Оразғалиев Бөгенбай, Жақсыбай Балауса, Амангелді Бауржан, Әділова Айнұр т.б. Барлық оқушылары да жоғары оқу орнына түсіп, оқуларын жалғастыруда. Бақыт Айтжанқызының оларға деген сенімі зор. Бәрі де еліміздің үлгілі азаматтары болуға лайық. Жаһандану заманында ұлттық бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші білім деңгейімен өлшенеді десек, сол білім нәрін беретін жандар Бақыт Айтжановна сияқты ұлағатты ұстаздар легі болмақ. Саумалкөл қазақ орта мектебінің барлық ұстаздарына деген ыстық ықыласымызды сүйікті ұстазымыз Бақыт Айтжановна арқылы жеткізгіміз келеді.

Ақсұлу МҰҚАЖАНОВА,
Ата-аналар атынан Мұқажанова Айгерімнің анасы.
№1 Саумалкөл орта мектебінің мұғалімі.

Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға

Құрметті барша ұстаздар қауымы сіздерді Қазан айында аталып өтетін Ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Сіздердің бала көңілдеріңіз әр оқушының жандүниесін нұрландырып, жүрегіне шапағат нұрын төгуде. Мұғалімнен өнеге-білім алып, өмір теңізіне құлаш ұрған кез келген шәкірт ұстазымен мақтанады. Бізде өз ұстазымызды үлгі тұтамыз. Ол ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Лаззат Жетпісбайқызы.

Өмірүздіксіз қозғалыста болғанымен білімді ұстаздың ұрпаққа қалдырған

ұшан-теңіз сәулесі мәңгі жарқырай береді. Тек білімді ұстаз ғана ұшқан құстай дамып бара жатқан қоғамның дамуына еріп жүре алады. 30 жылдан артық тынымсыз еңбек етіп келе жатқан ұлағатты ұстаз Лаззат Жетпісбайқызы біздің дамуымызға өз үлесін қосып келеді. Ұстаздың шәкірт алдындағы, ал шәкірттің ұстаз алдындағы міндеттері көп. Білімді ұстаз жетістікке, жеңіске жеткізеді. Жыл сайын республикалық Бритни Бульдог интеллектуалдық марафонына қатысып, жүлделі бірінші,

екінші, үшінші орындарға ие боламыз. Күн сәулесін төгіп, жарық орнататын да ұстаз. Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Әленова Ләззат Жетпісбайқызы адамды тәрбиелеу демек оның ертеңі мен келешек жолын тәрбиелеу деген ұғымды берік ұстанады. Бойымызға терең білімді сіңіре білу үшін - ұстаздың қандай болуы керектігін айтып жатудың өзі артық.

Аяжан БОЛАТБЕК,
Бірлестік орта мектебінің 8 сынып оқушысы.

Құттықтаймыз!



Отбасымыздың тірегі, әулетіміздің ардақтысы болып отырған асқар таудай әкеміз, ақ баталы атамыз **Қаблақатов Баратай Малдыбайұлы** қазан айының 13 жұлдызында 50 жасқа толғалы отыр. Мерейтой иесіне зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, баянды бақыт тілейміз. Құтты болсын мерейтойың, Орындалсын арман-ойың. Бала-шағаң аман болып, Көрген күнің болсын ойын. **Игі тілекпен:** Жұбайы, балалары, немерелері.

«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ азаматтардың жеке мәселелері бойынша 2016 жылдың IV тоқсанына арналған қабылдау кестесі

Рамазанова Марал Тұрғынбекқызы – «СҚО Айыртау ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ басшысы - әр аптаның сейсенбі күні сағат 11.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен-жайы: Саумалкөл с. Ш.Уәлиханов көшесі, 44. Тел. 21-681.

Шатько Наталья Николаевна - «СҚО Айыртау ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ басшысының орынбасары әр аптаның бейсенбі күні сағат 11.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен-жайы: Саумалкөл с. Ш.Уәлиханов көшесі, 44. Тел. 22-192.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қоғамның сенімін, азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында, сонымен қатар, экономика және қаржы бөлімі қызметкерлерінің лауазымдық және сыбайлас жемқорлыққа байланысты жағдайларын құқықбұзушылықтарын және Әдеп кодексінің талаптарын сақтамау жағдайларын анықтау мақсатында «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде **8 (71533)22-192 сенім телефоны** қызмет етеді.

«Украин ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау кестесі

«Украин ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің әкімі **Мұқашев Жәніс Ботабайұлы** әр аптаның сәрсенбі күндері сағат 14.30-дан 17.30-ға дейін азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдайды.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Украин ауылдық округі әкімі аппаратының мемлекеттік қызметкерлері мен лауазымды тұлғалардың тарапынан жіберілген құқықбұзушылықтарды, Әдеп кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларды бұзу фактілерін хабарлай аласыздар. «Украин ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде **8(71533) 24-182 сенім телефоны** қызмет етеді.

Тұрғындарға жадынама

Терроризм актісі қатерінің туындауы туралы халықты ақпараттандыру мақсатында, террористік қауіптіліктің бірқалыпты («сары»), жоғары («қызыл») және шекті («қызыл») деңгейлері орнатылуы мүмкін.

Бірқалыпты деңгейде келесі іс-әрекеттер ұсынылады: Қоғамдық орындарда болған кезде айналадағылардың әрекеттерінің оғаштығына және сыртқы түріне, иесіз күдікті заттар мен автокөліктерге назар аудару.

Барлық күдікті жағдайлар жөнінде құқық қорғау органдарына хабарлау. Полиция тарапынан белсенді көңілге түсіністік білдіріп, оларға көмек көрсету. Күдікті заттарды уақытша сақтау және тасымалдау үшін қабылдамау. Күдікті заттарға жақындауға, қозғалтуға және ашуға тыйым салынады. Жанұядағы кәрілер мен балаларға барлық табылған иесіз заттар олардың өміріне қауіп төндіретіндігін түсіндіру.

Облыс аймағында орын алған оқиғалар жөнінде хабардар болу. Жоғары деңгейде ұсынылады: Халық шоғырланатын орындарға баруды шектеу. Полиция қызметкерлерінің талабы бойынша жеке куәлікті немесе басқа да құжаттарды ұсыну.

Қоғамдық ғимараттарда болғанда өрт кезінде қолданатын қосалқы шығу есіктерінің және көрсеткіштердің орналасуына көңіл аудару.

Тұрғын үйлердің маңындағы бейтаныс адамдар мен автокөліктерге көңіл аудару.

Аса пішінді заттарды өзімен бірге тасымалдаудан бас тарту. Жанұя мүшелерімен төтенше жағдай туындағанда іс-әрекеттер жоспарын талқылау.

Шекті деңгейде бірқалыпты және жоғары деңгейлерде атқарылатын іс-әрекеттерден басқа ұсынылады:

Тұрып жатқан үйдің тұрғындарының кезекшілігін ұйымдастыру, бөтен адамдар мен автокөліктердің пайда болуына көңіл бөлу.

Террористік қауіптіліктің деңгейі орнатылған аудандарға жол жүруді кейінге ауыстыру.

Эвакуацияға дайындалу.

Терроризм актісі жасалған орында дүрбелендікке берілмеу, қызығушылық танытпау, бейне және фото түсірілім жүргізбеу.

Теледидар немесе радиоқабылдағышты үнемі қосылған күйі ұстау. Терроризм актісінің қауіпі жөнінде жалған ақпаратты таратпау.

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 273 бабымен терроризм актісі туралы көрнеу жалған хабарлау үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған қылмыс жасаған тұлға алты жылға дейін бас бостандығынан айырылады.

«ҚАУЫРТ ЖЕЛ» 110

- егер сізге терроризм актілерін дайындау, қаржыландыру және ұйымдастыру туралы;
- радикалды көзқарастағы дәстүрлі емес діни ағымдарды жақтаушыларды жалдау, қаруландыру, оқыту фактілері туралы;
- терроризм және діни экстремизм идеологиясын насихаттау және тарату туралы мәлім болса

ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.

Меншік иесі және басып шығарушысы «Айыртау-Информ» ЖШС-і. Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша басып шығарылады және мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуде ресми басылым болып табылады.

Директор, баспаның бас редакторы **Ирина БУРКОВСКАЯ**
Редактор **Бағлан ҚОЖАҚОВ**

Редакцияның адресі: Солтүстік Қазақстан облысы, Саумалкөл селосы, Конституция көшесі, 72. Телефон 21-4-85, эл пошта:airtau_tany@mail.ru

Тілші **Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА**
Басушы-терүші **Елена НЕСВЕТЕЕВА**

Газет Петропавл қ., Мүсірепов көшесі 34 В үйдегі «Газетный двор» ЖШС-і баспасында басылған.